

# ЕСЕП

«Аккредиттеу және рейтингтің  
тәуелсіз агенттігі» КЕМ 2024  
жылғы қызметі туралы



Астана қ., 2024 ж.



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ  
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО  
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR  
ACCREDITATION AND RATING

**БАҚЫЛАУ КЕҢЕСІНЕ**

**ЕСЕП**

**«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ**

**қызметі туралы**

**2024 жыл**

**Астана қ., 2024 ж.**

## МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ.....	2
Белгілеулер мен қысқартулардың тізімі .....	3
КІРІСПЕ .....	5
1 Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызмет .....	8
1.1 Сапаны арттыру, географияны кеңейту және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіру арқылы аккредиттеу қызметтерінің ұлттық және халықаралық нарығында IAAR ұстанымдарын күшейту .....	8
1.2 Ұлттық және шетелдік сарапшылардың сапалық әлеуетін арттыру.....	25
1.3 Адами ресурстарды, олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, Агенттіктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу арқылы IAAR қызметін тиімді басқару.....	31
1.4 Кері байланысты дамыту және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру негізінде IAAR қызметінің тиімділігін арттыру .....	35
2. Білім беру сапасын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және үздік әлемдік тәжірибені ұлттық жүйелер мен білім беру ұйымдарын дамытуға енгізу .....	43
2.1 Аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі мен қағидаларының сапасын арттыру ..	43
2.2 Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерін жетілдіруде IAAR-дың аналитикалық әлеуетін арттыру.....	45
3. Білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың халықаралық білім беру кеңістігінде танылуын арттыру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында рейтингтік зерттеулер жүргізу.....	49
3.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы рейтингтік зерттеулердің сапасын арттыру мен шеңберін кеңейтуді қамтамасыз ету .....	49
4. Ашықтық пен дәйектілік қағидаттарын іске асыру негізінде білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы қоғамды уақытылы хабардар ету және кері байланысты дамыту .....	55
4.1 Білім беру бағдарламалары мен білім беру және ғылым ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету деңгейін арттыру .....	55
5. IAAR — танылған халықаралық аккредиттеу агенттігі .....	60
5.1 IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайту және кеңейту .....	60
5.2 Халықаралық қызметтің сапасын арттыру және IAAR жетістіктерін мазмұнды бекіту .....	65
Қызметтің SWOT-талдауы .....	69
Қорытынды .....	72

## Белгілеулер мен қысқартулардың тізімі

**ABET** — Инженерия және технологиялар жөніндегі аккредиттеу кеңесі

**ACQUIN** — Аккредиттеу, сертификаттау және сапаны қамтамасыз ету институты

**APQN** — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісі

**ASIIN** — Инженерия, информатика, жаратылыстану ғылымдары және математика саласындағы білім беру бағдарламаларын аккредиттеу агенттігі

**CEENQA** — Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі

**CIQG** — АҚШ-тың Жоғары білімді аккредиттеу кеңесінің Халықаралық сапа тобы

**ENQA** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастық

**EQAR** — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелім

**ESG** — Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен ұсынымдар

**ISQua** — Денсаулық сақтау саласындағы сапа жөніндегі халықаралық қоғам

**IAAR** — Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі

**INQAANE** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі

**IREG** — Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория

**PhD** — философия докторы бағдарламасы

**MA** — магистратура бағдарламасы

**MQA** — Малайзия біліктілік агенттігі

**QA** — сапаны қамтамасыз ету

**AK** — Аккредиттеу кеңесі

**BA** — бакалавриат бағдарламасы

**СКІЖ** — сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі

**ЖОО** — жоғары оқу орны

**ЖжЖОКБ** — жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

**WFME** — Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы

**СЭК** — Сыртқы сараптама комиссиясы

**ҚБ** — қосымша білім

**ЕЖБК** — Еуропалық жоғары білім кеңістігі

**ИА** — институционалдық аккредиттеу  
**ИА (Ex-Ante)** — бастапқы институционалдық аккредиттеу  
**ҚР (Қырғызстан)** — Қырғыз Республикасы  
**ҒЖБМ ҚР** — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
**ҚР БҒМ** — Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
**НКСААVQ** — Академиялық және кәсіби біліктіліктерді аккредиттеу жөніндегі Гонконг кеңесі  
**ЖБДҰО** — Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы  
**ҒЗИ** — Ғылыми-зерттеу институты  
**ҰКП** — ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы  
**БСБҰЖ** — білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесі  
**БҰ** — білім беру ұйымы  
**ББ** — білім беру бағдарламасы  
**НББ** — негізгі білім беру бағдарламасы  
**ЖББ** — жоғары білім беру бағдарламалары  
**ПОҚ** — профессор-оқытушылар құрамы  
**БМА** — бастапқы мамандандырылған аккредиттеу  
**ҚР** — Қазақстан Республикасы  
**МА (мамандандырылған)** — мамандандырылған аккредиттеу  
**МА (Ex-Ante)** — білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу  
**БАҚ** — бұқаралық ақпарат құралдары  
**ТЖКБ** — техникалық және кәсіптік білім  
**ФМБМ** — Федералдық мемлекеттік бюджеттік мекеме  
**СК** — Сараптама кеңесі

## КІРІСПЕ

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» коммерциялық емес мекемесі (бұдан әрі — **IAAR**) — білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жетекші халықаралық аккредиттеу агенттігі. **IAAR** — білім беру сапасы жөніндегі еуропалық, азиялық және америкалық желілер мен агенттіктердің толық мүшесі: **INQAANE** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі; **CHEA/CIQG** — АҚШ-тың Жоғары білімді аккредиттеу кеңесінің Халықаралық сапа тобы; **IREG** — Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория; **CEENQA** — Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі; **APQN** — Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісі, **APQR** — Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты тіркелімі, **IQA** — ислам әлемі елдерінің білім беру сапасына кепілдік беру агенттіктерінің қауымдастығы.

**IAAR** қызметі Еуропалық жоғары білім кеңістігінде сапаны қамтамасыз ету стандарттарына **ESG** және Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясының **WFME** стандарттарына сәйкес келеді. **IAAR** — Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (**ENQA**) толық мүшесі мәртебесін алған Қазақстандағы алғашқы аккредиттеу органы. Тіркеу жөніндегі комитеттің 2022 жылғы 27/28 маусымдағы шешімімен **IAAR** Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімге (**EQAR**) 5 жылға қайта енгізілді. Танылған агенттік мәртебесін алу **IAAR** қызметінің жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігінің растамасы болып табылады. 2024 жылдың маусымында **IAAR** Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (**ENQA**) постмониторингінен сәтті өтті. **ENQA** сарапшылары **IAAR**-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жоғары бағалап, Агенттік дамуының оң өсуін атап өтті. **IAAR** — Дүниежүзілік медициналық білім беру

федерациясының (WFME) жоғары танылу мәртебесін алған ТМД елдерінен шыққан алғашқы аккредиттеу агенттігі.

Халықаралық және еуропалық желілердегі толыққанды мүшелік арқасында **IAAR** аккредиттеген білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары **халықаралық аккредиттеу мәртебесін** алады.

IAAR-дың даму стратегиялық мақсаттары білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық және халықаралық деңгейде танылған, бәсекеге қабілетті Агенттіктің мәртебесін нығайтуға бағытталған. IAAR-дың 2024 жылғы қызметі Орталық Азия елдерінің және еуропалық жоғары білім кеңістігінің білім беру саласындағы бағдарламалық құжаттары мен заңнамасында, сапаны қамтамасыз ету саласындағы халықаралық құжаттарда, сондай-ақ әзірленген IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында айқындалған мақсаттар мен міндеттер негізінде құрылды.

IAAR жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Шығыс Еуропа және Орталық Азия өңірінде білім беру қызметіне (Қазақстан Республикасында және 14 шетел мемлекетінде — Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей, Молдова, Румыния, Беларусь, Украина, Әзербайжан, Армения, Барбадос, Доминика және т.б.) жасалған Келісімдер мен осы мемлекеттердің тиісті органдары тарапынан IAAR-дың танылуы негізінде тәуелсіз, объективті, кәсіби бағалау жүйелі жүргізеді. IAAR сапаны қамтамасыз етудің үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып, Шығыс Еуропа және Орталық Азия мемлекеттерінің білім беру ұйымдарының білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын білім беру жүйелерін дамытудың маңызды ұлттық және халықаралық трендтеріне сәйкес арттыруға жәрдемдеседі.

**2011–2024 жылдар ішінде** IAAR-да Орталық Азия мен Шығыс Еуропаның **15 мемлекетінің 282** білім беру ұйымы және **5341** білім беру бағдарламасы халықаралық аккредиттеуден өтті.

IAAR сапа мәдениетін ілгерілетіп отырып және жоғары білімді дамытудың жетекші тенденцияларын, негізгі серіктестер мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің қызметін ескере отырып, стратегиялық басымдықтарды қалыптастырады. «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ-нің 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясы» (2021 ж.) жоғары білім саласындағы халықаралық және ұлттық заңнамадағы өзгерістерді, оның ішінде «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» ескере отырып, 2023 жылдың қарашасында жаңартылды. Тұжырымдама «дамушы технологиялар мен болашақ экономикасына негізделген, жоғары білім жүйесіндегі заманауи сын-қатерлерді ескеретін» ЖББ заманауи білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға бағытталған. Жаңартылған «IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясы» миссияны, пайымды, стратегиялық мақсаттарды, міндеттерді, қызмет мазмұнын, негізгі индикаторлар мен күтілетін нәтижелерді айқындайды.

IAAR сапаны қамтамасыз етудің үздік әлемдік тәжірибесін қолдана отырып, Шығыс Еуропа және Азия мемлекеттерінің білім беру ұйымдарының білім беру және ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын жоғары білім жүйелерін дамытудың маңызды ұлттық және халықаралық трендтеріне сәйкес арттыруға жәрдемдеседі, оның ішінде университеттер мен бизнестің мемлекетпен өзара әрекеттестігі (үштік спираль), цифрландыру, интернационалдандыру, академиялық үздіктік бастамалары, университеттердің корпоративтік басқаруын және академиялық еркіндігін дамыту, цифрлық форматтар мен жасанды интеллектіні кеңінен пайдалану және т.б.

## **1 Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызмет**

Тәуелсіз аккредиттеу жүргізу, сапа мәдениетін ұлттық және халықаралық деңгейде ілгерілету негізінде білім беру сапасын және білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған сыртқы бағалау жүргізу IAAR қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

### **1.1 Сапаны арттыру, географияны кеңейту және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіру арқылы аккредиттеу қызметтерінің ұлттық және халықаралық нарығында IAAR ұстанымдарын күшейту**

2024 жылы IAAR қызметі Қазақстан Республикасының (оның ішінде Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы) және шетел мемлекеттерінің білім беру жүйелерін дамытудағы халықаралық және ұлттық басымдықтарда айқындалған мақсаттар мен міндеттер, халықаралық тәжірибе және IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясының негізгі индикаторларын іске асыру негізінде құрылды.

Агенттік барлық деңгейдегі тұтынушылар үшін — мемлекет, қоғам, білім беру ұйымдары, жұмыс берушілер, білім алушылар, қоғамдық ұйымдар үшін — тұрақты дамуға және білім беру сапасын бағалау саласындағы сапалы қызметтермен қамтамасыз етуге бағдарланған сапаны қамтамасыз ету саласындағы Саясатты жүзеге асырады. IAAR жүргізетін БҰ және/немесе ББ халықаралық аккредиттеуі сыртқы стейкхолдерлердің қатысуымен әзірленген және IAAR-дың алқалы органдарымен келісілген «IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында» айқындалған миссиямен, пайыммен, құндылықтармен, стратегиялық мақсаттармен үйлестірілген.

IAAR 2024 жылы аккредиттеудің мынадай түрлері бойынша сыртқы бағалау жүргізді: орта білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (ЖжЖОКБ), медициналық білім беру және қосымша білім беру

(ҚБ) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу, ЖжЖОКБ, медициналық білім беру БҰ-ларын бастапқы аккредиттеу; ТжКБ, ЖжЖОКБ және медициналық білім беруді мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу; ЖжЖОКБ, медициналық білім беру ББ-ларын бастапқы мамандандырылған (бастапқы бағдарламалық) аккредиттеу; бірлескен білім беру бағдарламаларын аккредиттеу. IAAR-дың сыртқы сапаны қамтамасыз ету рәсімдерін реттейтін ішкі құжаттары IAAR сайтында жарияланған: <https://iaar.agency>

*IAAR стандарттары мен құжаттарын әзірлеу және жетілдіру.* Сапалы сыртқы бағалау жүргізу мақсатында IAAR аккредиттеудің әртүрлі түрлері бойынша стандарттар мен критерийлерді өз бетінше әзірлейді. IAAR стандарттары Болон процесінің қағидаттарын (объективтілік, ашықтық, ұтқырлық, жұртшылықты хабардар ету) ескереді және ЖОО-ның өзін-өзі бағалау моделі ретінде, қалыптасып жатқан ұлттық білім беру сапасы жүйесін еуропалық жоғары білім кеңістігінің халықаралық талаптарымен үйлестіру үшін пайдаланылады.

IAAR стандарттары ESG және WFME стандарттарына толық сәйкес келеді және мүдделі тараптарды тарта отырып әзірленеді. IAAR ENQA ұсынымдарын басшылыққа ала отырып, «IAAR стандарттарын әзірлеу және жетілдіру жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес (IAAR директорының 2015 жылғы «02» қыркүйектегі №19-15-01 бұйрығымен бекітілген және күшіне енгізілген) аккредиттеу стандарттарын қайта қарау және жетілдіру рәсімдерін жүйеледі.

IAAR қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру үшін 2024 жылы агенттіктің нормативтік-әдістемелік құжаттамасын жетілдіру, мемлекеттің, қоғамның және еңбек нарығының міндеттері мен талаптарын ескере отырып, ЖОО-ларды институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмыс жүргізілді.

2024 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес IAAR Бас директорының бұйрығымен бірқатар стандарттарды және өзге де құжаттарды жетілдіру жөніндегі жұмыс топтары құрылды.

2024 жылы Бас директор А. Жұмағұлова 2024 жылдың желтоқсанында бекіткен «Стратегиялық даму және корпоративтік басқару» институционалдық аккредиттеу Стандарттары әзірленіп, негізгі стейкхолдерлермен талқыланды.

2024 жылы ESG (2015), Педагогикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық стандартына, «Педагог» кәсіптік стандартына сәйкес жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (Қазақстан Республикасы) білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттары мен Басшылығына, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру бағдарламасын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу (Ex-ante) Стандарттары мен Басшылығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл құжаттар педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу рәсімін жүргізу кезінде қолданылады және сапаны қамтамасыз ету тетіктерін енгізуге, педагогикалық білім беру сапасына тұрақты мониторинг жүргізуге, педагогикалық кадрларды бағалауға бағытталған.

IAAR цифрлық білім беру саласында білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі екі жаңа қызмет түрін енгізді: Цифрлық білім беру саласындағы халықаралық институционалдық аккредиттеу (бастапқыны қоса алғанда) және Цифрлық білім беру саласындағы халықаралық бағдарламалық аккредиттеу (бастапқыны қоса алғанда), сондай-ақ бірлескен ББ-ны аккредиттеу бағыты. Бұл жаңа бағыттарды EQAR қарап, бекітті. Әрі 2024 жылы IAAR Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тіркеліміне (EQAR) елеулі өзгерістер туралы есеп ұсынды.

2024 жылы IAAR медицина және денсаулық сақтау магистрі дәрежелері үшін сапаны жақсарту жөніндегі жаһандық стандарттарға (WFME, 2016),

базалық медициналық білім беру стандарттарына (WFME, 2015, 2020), ЕЖБК-да сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен басшылықтарға (ESG, 2015), бірлескен бағдарламалардың сапасына еуропалық тәсілді (Ереван, 2015) ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы магистратураның бірлескен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жөніндегі Стандарттар мен басшылықты (WFME/AMSE/ESG негізінде) әзірледі.

2024 жылға арналған IAAR жоспарына және білім беру ұйымдарымен жасалған Шарттарға сәйкес халықаралық аккредиттеу стандарттары мен әдіснамасын түсіндіру жөніндегі семинарларды ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. 2024 жылы Қазақстан, Әзербайжан, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Швейцария, Доминика білім беру ұйымдары үшін семинарлар өткізілді.

Қазақстан, Өзбекстан, Әзербайжан, Швейцария және т.б. ЖОО-лары үшін оқыту семинарларын агенттіктің стратегиялық даму жөніндегі кеңесшісі, профессор, саяси ғылымдар докторы Г.К. Ысқақова өткізді; Columbus Central University School of Medicine университеті үшін — Prof. Victoriya Georgiyants, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық фармакология университетінің фармакологиялық химия кафедрасының меңгерушісі, IAAR сарапшысы (Харьков, Украина); Washington University of Health and Science университеті үшін — Dr. Igor Semortan, Ph.D., Молдова Республикасының Николае Тестемицану атындағы медицина және фармация мемлекеттік университеті, IAAR сарапшысы (Кишинев, Молдова Республикасы); медициналық ЖОО-лар үшін — Медициналық бағыт жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік кеңестің төрайымы С.И. Сыдықова және т.б.

Осылайша, халықаралық стандарттарды, ұлттық талаптарды және еуропалық жоғары білім кеңістігінің талаптарын ескере отырып, IAAR аккредиттеу түрлері бойынша өзінің меншікті стандарттары мен критерийлерін халықаралық стандарттарға сәйкес әзірлеу/жетілдіру және оларды академиялық қауымдастыққа жеткізу бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

**Халықаралық аккредиттеу.** 2024 жылы Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Әзербайжан Республикасы, Румыния, Доминика ЖОО-ларын институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүзеге асырылды. Барлығы 2024 жыл ішінде Қазақстан Республикасының **20** БҰ-сы, **2** шетелдік БҰ халықаралық институционалдық аккредиттеуден, Қазақстандағы әртүрлі оқу деңгейіндегі **609** ББ және шетелдік БҰ-лардың **59** ББ халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

**Қазақстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу.** Қазақстандағы білім беру ұйымдарының сапасын бағалау стейкхолдерлердің белсенді қатысуымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік-техникалық, жоғары және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді, үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымдарын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің халықаралық бағдарламаларын іске асыратын мектептерді институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. Қазақстандағы аккредиттеу рәсімі мен әдіснамасымен IAAR сайтында толығырақ танысуға болады: [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) «Аккредиттеу» бөлімінде.

**Институционалдық аккредиттеу.** Білім беру ұйымдарының сапасын сыртқы бағалау жоғары, кәсіптік-техникалық, жоғары және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді, үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. 2024 жыл ішінде IAAR-да **20** білім беру ұйымы, оның ішінде **13** ЖОО, **3** ТжКБ ұйымы, **2** үздіксіз кәсіптік білім беру ұйымы және **2** халықаралық мектеп институционалдық аккредиттеуден өтті. БҰ-лардың көпшілігі IAAR-дың институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін толық көрсетіп, 5 жылға аккредиттелді.

**1-кесте. 2024 жылы аккредиттелген ҚР білім беру ұйымдарының сандық көрсеткіштері (институционалдық аккредиттеу)**

<b>Білім беру ұйымдары</b>	<b>7 жыл</b>	<b>5 жыл</b>	<b>3 жыл</b>	<b>1 жыл</b>	<b>бас тартылды</b>	<b>Барлығы</b>
<b>ЖОО</b>						
Ұлттық						
Мемлекеттік						
Акционерлік		10				
Жеке	1	2				
ТжКБ						
ТжКБ (медициналық)		3				
ҒЗИ, ҰКБҰ, мектептер		2	2			
<b>Жиыны</b>	<b>1</b>	<b>17</b>	<b>2</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>20</b>

1-кесте деректері IAAR аккредиттеген **20** білім беру ұйымының жалпы санынан басым көпшілігі — **17** білім беру ұйымы 5 жыл мерзімге, **1** — 7 жылға және **2** — 3 жылға аккредиттелгенін көрсетеді.

Осылайша, 2024 жылы аккредиттелген БҰ-лар IAAR-дың институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін толық көрсетті. Рәсім мен әдіснамамен [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) сайтының «Аккредиттеу» бөлімінде толығырақ танысуға болады.

**Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу.** ББ сапасын бағалау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік-техникалық, базалық медициналық және дипломнан кейінгі медициналық білім беруді, медициналық колледждерді мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттары мен басшылықтары негізінде жүзеге асырылды. 2024 жылы мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде барлығы **609** ББ, оның ішінде **463** ББ мамандандырылған аккредиттеуден, **138** ББ бастапқы мамандандырылған

аккредиттеуден және 8 ББ бірлескен/қос дипломды БҰ-ларды мамандандырылған аккредиттеуден өтті (2-кесте).

**2-кесте. 2024 жылы аккредиттелген ББ көрсеткіштері  
(мамандандырылған/бағдарламалық аккредиттеу)**

БҰ/ББ атауы	7 жыл	5 жыл	3 жыл	1 жыл	Аккредиттеуден бас тарту	Барлығы аккредиттелген ББ
<b>ЖОО</b>	<b>3</b>	<b>524</b>	<b>35</b>			<b>562</b>
BA	3	281	16			300
MA		187	14			201
PhD		56	5			61
<b>Медициналық ЖОО</b>		<b>41</b>	<b>6</b>			<b>47</b>
BA		28	1			29
MA		7				7
PhD		3				3
Резидентура		3	5			8
ТЖКБ						
<b>Барлығы аккредиттелді</b>	<b>3</b>	<b>565</b>	<b>41</b>			<b>609</b>

609 білім беру бағдарламасының 3 бағдарламасы 7 жылға, 565 білім беру бағдарламасы — 5 жылға, 41 ББ — 3 жылға аккредиттелді (3-кесте).

**3-кесте. 2024 ж. Қазақстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу**

Білім беру ұйымы	ИА	ИА (Ex-Ante)	МА	МА (Ex-Ante) / СОП
М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті КЕАҚ	<b>1</b>		4	

<b>Білім беру ұйымы</b>	<b>ИА</b>	<b>ИА (Ex-Ante)</b>	<b>МА</b>	<b>МА (Ex-Ante) / СОП</b>
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті КЕАҚ	1		33	7
Қарағанды индустриялық университеті КЕАҚ	1		5	7 / 2
«Тұран» университеті мекемесі	1		10	3
Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті КЕАҚ	1		40	
Қарағанды медицина университеті КЕАҚ	1		5	6
Алматыдағы Қазақстан-Неміс университеті білім беру мекемесі	1			
Қазақ спорт және туризм академиясы КЕАҚ	1			
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті КЕАҚ	1			
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті КЕАҚ	1		8	10
Семей медицина университеті КЕАҚ	1			6
«Тараз-Болашақ» жоғары медициналық колледжі ЖШС	1			
«Қазақстан интеллект мектебі» білім беру мекемесі	1			
Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті КЕАҚ	1		25	15 / 2
Азаматтық авиация академиясы АҚ			2	2
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті ЖММБ			12	
Торайғыров университеті КЕАҚ			16	2
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті КЕАҚ			8	8 / 1
Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті КЕАҚ			4	4
«Astana IT University» ЖШС				7
«Esil University» мекемесі			13	5
Е. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті КЕАҚ			36	1
С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті КЕАҚ			1	7

<b>Білім беру ұйымы</b>	<b>ИА</b>	<b>ИА (Ex-Ante)</b>	<b>МА</b>	<b>МА (Ex-Ante) / СОП</b>
«ҚДСЖМ» Қазақстандық медицина университеті ЖШС			5	
«Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті» мекемесі			1	
«SDU University» мекемесі			4	5
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ			10	1
Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті КЕАҚ			9	4
М. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті КЕАҚ			76	8 / 1
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АҚ			6	
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті КЕАҚ			3	1
Батпенев атындағы Травматология және ортопедия ұлттық ғылыми орталығы ҚР ДСМ ШЖҚ РМК				1
«Қазақ-Орыс халықаралық университеті» халықаралық ЖОО ЖШС			5	
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті КЕАҚ			55	12 / 2
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ			53	
«Орталық Азия Инновациялық Университеті» ЖШС	<b>1</b>		21	
«Шелек медициналық колледжі» ЖШС	<b>1</b>			
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы АҚ (техникалық және кәсіптік білім)	<b>1</b>			
«QUANTUM STEM SCHOOL» ЖШС	<b>1</b>			
«ЭМИРМЕД» халықаралық университеті ЖШС	<b>1</b>			
ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК	<b>1</b>			
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті КЕАҚ			8	1
<b>Барлығы</b>	<b>20</b>		<b>463</b>	<b>138 / 8</b>

*Ескертпе:*

*\* ИА — институционалдық аккредиттеу; \* ИА (Ex-Ante) — бастапқы институционалдық аккредиттеу; \* МА — білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу; \* МА (Ex-Ante) — білім беру бағдарламаларын бастапқы мамандандырылған аккредиттеу; \* СОП — бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу.*

**Траншекаралық аккредиттеу.** Агенттік қызметінің маңызды бағыты ESG және WFME стандарттары негізінде Орталық Азия және Еуропа мемлекеттерінің білім беру ұйымдарын халықаралық институционалдық және мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу жүргізу болды. IAAR трансшекаралық аккредиттеуді жүзеге асыра отырып және аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығында IAAR ұстанымдарын күшейту міндетін іске асыра отырып, өз қызметінде «Траншекаралық жоғары білімде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылық қағидаттарды (ЮНЕСКО және ЭЫДҰ)» және «Траншекаралық жоғары білімдегі ынтымақтастық; сапаны қамтамасыз ету агенттіктеріне арналған құралдар жинағы» (ENQA) құжатының ережелерін ескерді.

Халықаралық аккредиттеу жүргізу кезінде IAAR сыртқы бағалау рәсімдерінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі еуропалық желілердің талаптарына, ESG стандарттарына сәйкестігін, сондай-ақ шетел мемлекеттерінің білім беру саласындағы уәкілетті органдары белгілеген қағидалар мен тәртіптердің сақталуын қамтамасыз етеді. Сыртқы сапаны бағалаудың негізгі құралы IAAR-дың 25.05.2018 ж. № 68/1-18-од бұйрығына сәйкес бекітілген және күшіне енгізілген «Шетелдік білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу жөніндегі стандарттар мен басшылық (ESG негізінде)» болып табылады.

2024 жылы халықаралық институционалдық аккредиттеу шеңберінде IAAR 3 шетелдік ұйымға сыртқы бағалау жүргізді. Шетелдік ЖОО-лардың 59 ББ IAAR халықаралық бағдарламалық аккредиттеуінен өтті.

**РФ білім беру ұйымдарындағы халықаралық аккредиттеу.** ФМБМ «Росаккредагенттігімен» жасалған 2019 жылғы 6 мамырдағы «Жоғары білім сапасын бағалау және ББ аккредиттеу мақсатында ынтымақтастық пен өзара әрекеттестік туралы келісімге» сәйкес IAAR халықаралық аккредиттеуі РФ аумағында танылады. 2024 жылы IAAR 4 ЖОО-да халықаралық аккредиттеу жүргізді. IAAR СЭК ББ-лардың стандарт критерийлеріне сәйкестік деңгейлері бойынша қорытындылар дайындады, олардың негіздемесі аккредиттеу рәсімдерінің қорытындысы бойынша есептерде баяндалған.

2024 жылғы 17–19 қыркүйекте АККОРК-пен бірлесіп Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне бірлескен аккредиттеу жүргізілді. СЭК-ті IAAR I санатты сарапшысы, ф.-м.ғ.д., профессор Косов В.Н. басқарды. Санкт-Петербург мемлекеттік университеті «Экономикалық факультет» және «Журналистика және бұқаралық коммуникациялар факультеті» оқу-ғылыми бөлімшелерінің институционалдық аккредиттеуінен 5 жыл мерзімге өтті.

2024 жылғы 21–23 мамырда Кәсіби-қоғамдық аккредиттеудің ұлттық орталығымен бірлесіп Орал мемлекеттік медицина университетінің резидентура/ординатура бағдарламаларына бірлескен аккредиттеу жүргізілді. СЭК-ті ҚР Профилактикалық медицина академиясының академигі, медицина ғылымдарының докторы Тұрдалиева Б.С. басқарды. Аккредиттеу кеңесінің шешімімен бағдарламалар 5 жылға аккредиттелді (4-кесте).

**4-кесте. 2024 жылы РФ-дағы халықаралық аккредиттеу**

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	Қазан (Еділ бойы) федералдық университеті ФМАБМ	31.05.01 Емдеу ісі	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
2	Профессор В.Ф. Войно-Ясенецкий атындағы Красноярск мемлекеттік медицина университеті ФМБ БМ (РФ ДСМ)	31.05.01 Емдеу ісі; 31.05.02 Педиатрия; 31.05.03 Стоматология	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029
3	Орал мемлекеттік медицина университеті ФМБ БМ (РФ ДСМ)	31.05.01 Емдеу ісі; 31.05.02 Педиатрия; 31.05.03 Стоматология; 31.08.02 Анестезиология-реаниматология; 31.08.19 Педиатрия; 31.08.75 Ортопедиялық стоматология	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029
4	Санкт-Петербург мемлекеттік университеті	Журналистика және бұқаралық коммуникациялар жоғары мектебі; Экономикалық факультет	5 жыл 08.11.2024–07.11.2029

Осылайша, 2024 жылы IAAR аккредиттеуіне ұсынылған ресейлік ЖОО-лардың барлық 10 ББ-сы 5 жыл мерзімге аккредиттелді. Мәліметтер IAAR сайтында.

**Румыниядағы халықаралық аккредиттеу.** 2024 жылы IAAR Румынияның 1 білім беру ұйымына аккредиттеу жүргізді. IAAR СЭК ББ-лардың стандарт критерийлеріне сәйкестік деңгейлері бойынша қорытындылар дайындады (5-кесте). Мәліметтер IAAR сайтында.

#### 5-кесте. 2024 жылы Румыниядағы халықаралық аккредиттеу

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	Iuliu Hatieganu University of Medicine and Pharmacy Cluj-Napoca	level Master's Degree Medicine	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029

**Доминикадағы халықаралық аккредиттеу.** 2024 жылы IAAR Доминиканың 1 білім беру ұйымына бағдарламалық аккредиттеу жүргізді.

IAAR СЭК ББ-лардың стандарт критерийлеріне сәйкестік деңгейлері бойынша қорытындылар дайындады (6-кесте).

**6-кесте. 2024 жылы Доминикадағы халықаралық аккредиттеу**

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	All Saints University School of Medicine	Doctor of Medicine	5 жыл 20.12.2024–19.12.2029

Әзербайжан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу. 2024 жылы IAAR 3 білім беру ұйымына аккредиттеу жүргізді (7-кесте).

**7-кесте. 2024 жылы ӘР-дегі халықаралық аккредиттеу**

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	Әзербайжан Мемлекеттік Мәдениет және Өнер Университеті	Бакалавриат: 050311 Операторлық өнер; 050301 Актерлік өнер; 050316 Театртану. Магистратура: 060317 Операторлық өнер; 060311 Актерлік өнер; 060313 Театртану	5 жыл 08.11.2024–07.11.2029
2	Әзербайжан Спорт Академиясы	Бакалавриат: 050804 Спорт менеджменті және коммуникация. Магистратура: 060802 Дене шынықтыру және спорт. Спорттық медицина және реабилитация; 060407 Менеджмент (спорттық менеджмент)	5 жыл 08.11.2024–07.11.2029
3	Әзербайжан сәулет-құрылыс университеті	Бакалавриат: 050617 Құрылыс инженериясы; 050633 Көлік құрылысы инженериясы. Магистратура: 060634 Құрылыс инженериясы	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029

**IAAR-дың Орталық Азиядағы халықаралық аккредиттеуі.** IAAR Тәжікстан Республикасында халықаралық аккредиттеу жүргізеді. РТ ЖОО-лары мен ББ-ларының сапасы халықаралық аккредиттеу шеңберінде ESG негізінде шетелдік БҰ мен ББ-ны аккредиттеу жөніндегі Стандарттар мен басшылыққа, ал медициналық ЖОО мен ББ үшін WFME стандарттарына сәйкес айқындалады. РТ БҒМ-мен жасалған 13.05.2019 ж. халықаралық Келісімге сәйкес IAAR қызметі Тәжікстан аумағында танылады. 2024 жылы Тәжікстанның Медициналық-әлеуметтік институтының 1 ББ-сы IAAR аккредиттеуінен өтті (8-кесте).

**8-кесте. Тәжікстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу**

<b>№</b>	<b>Білім беру ұйымы</b>	<b>Аккредиттеу түрі / ББ атауы</b>	<b>Аккредиттеу қолданылу мерзімі</b>
1	«Тәжікстанның Медициналық-әлеуметтік институты» мемлекеттік емес білім беру мекемесі	1-790101 Емдеу ісі	3 жыл 31.05.2024–30.05.2027

2024 жылы IAAR Қырғызстанның 4 ЖОО-сында аккредиттеу жүргізді (9-кесте). 2024 жылы IAAR И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университетінің 7 ББ-сын, Қырғызстан халықаралық университетінің Оқу-ғылыми-өндірістік кешенінің 1 ББ-сын, «Ала-Тоо» халықаралық университетінің 1 ББ-сын аккредиттеді. Адам университеті 2024 жылы институционалдық аккредиттеуден 5 жыл мерзімге өтті. IAAR Қырғыз Республикасының аккредиттелген БҰ мен ББ Тіркелімін БҰ мен ББ-ны институционалдық, бағдарламалық және бастапқы бағдарламалық (Ex-ante) аккредиттеу стандарттарына сәйкестікке сыртқы бағалау қорытындысы бойынша құжаттарды ұсыну арқылы жаңартады.

**9-кесте. Қырғыз Республикасындағы халықаралық аккредиттеу**

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	«Қырғызстан халықаралық университеті» Оқу-ғылыми-өндірістік кешені МЕНБМ	Бағдарламалық аккредиттеу, специалитет: 560001 Емдеу ісі (шетел азаматтары үшін)	5 жыл 27.05.2024–26.05.2029
2	«Адам университеті» ЖШҚ	Институционалдық аккредиттеу	5 жыл 11.06.2024–10.06.2029
3	«Ала-Тоо» халықаралық университеті мекемесі	Бағдарламалық аккредиттеу, специалитет: 560001 Емдеу ісі	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029
4	«И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті» мекемесі	Бакалавриат: 710400 Бағдарламалық инженерия. Магистратура: 650300 Машина жасау; 670300 Көлік процестерінің технологиясы; 710400 Бағдарламалық инженерия. Специалитет: 750002 Темір жолдарды, көпірлер мен көлік туннельдерін салу және пайдалану. Докторантура: 750300 Сәулет мұрасын реставрациялау және реконструкциялау; 650300 Машина жасау	5 жыл 21.06.2024–20.06.2029

2024 жылы IAAR **Өзбекстан Республикасында 3** ЖОО-да аккредиттеу жүргізді. 2024 жылы IAAR Ташкент мемлекеттік экономика университетінің (Ташкент қаржы институты) 5 ББ-сын, Қарши мемлекеттік университетінің 1 ББ-сын, Ташкент медицина академиясының бакалавриат, магистратура және клиникалық ординатураның 16 ББ-сын, сондай-ақ үздіксіз кәсіптік білім берудің 3 ББ-сын аккредиттеді (10-кесте). IAAR аккредиттеуі стейкхолдерлердің — жұмыс берушілердің, студенттердің, шетелдік сарапшылардың, сондай-ақ агенттік өкілі — үйлестірушінің белсенді қатысуымен жүргізіледі.

#### **10-кесте. Өзбекстан Республикасындағы халықаралық аккредиттеу**

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
1	«Ташкент мемлекеттік экономика университеті» мемлекеттік мекемесі (Ташкент қаржы институты)	Бағдарламалық аккредиттеу, бакалавриат: 60410400 Қаржы және қаржы технологиялары; 60410500 Банк ісі және аудит; 60410100 Бухгалтерлік есеп және аудит (салалар бойынша); 60310100 Экономика (салалар мен сфералар бойынша); 60410600 Сақтандыру ісі	5 жыл 31.05.2024–30.05.2029
2	Ташкент медицина академиясы	Бағдарламалық аккредиттеу, бакалавриат: 60910200 (5510100) Емдеу ісі; 60910400 (5510300) Медициналық-профилактикалық іс; 60911200 (5510700) Жоғары мейіргерлік іс; 60910600 (5510900) Медициналық-биологиялық іс; 60911100 (5511100) Халық медицинасы. Бакалавриат (бастапқы аккредиттеу): 60711800 (5313000) Биомедициналық инженерия; 60411200 Менеджмент (5230200 денсаулық сақтаудағы менеджмент); 60910100 Стоматология; 60910300 Педиатрия; 60910700 Фармация. Магистратура: 70910201 Акушерлік және гинекология; 70910209 Неврология; 70910217 Урология. Клиникалық ординатура: 140001 Акушерлік және гинекология; 140013 Неврология; 140031 Урология. Біліктілікті арттыру бағдарламалары: Клиникалық және зертханалық диагностика; Оперативтік және диагностикалық эндохирургия; Отбасылық	5 жыл 31.05.2024–30.05.2029

№	Білім беру ұйымы	Аккредиттеу түрі / ББ атауы	Аккредиттеу қолданылу мерзімі
		медицинадағы ішкі ағзалардың кең таралған ауруларын заманауи диагностикалау және емдеу	
3	Қарши мемлекеттік университеті	Бағдарламалық аккредиттеу, бакалавриат: 60230100 Филология және тілдерді оқыту (ағылшын тілі)	5 жыл 08.11.2024–07.11.2029

Стейкхолдерлер БҰ жүзеге асыратын өзін-өзі бағалау процесіне де, сыртқы сараптама комиссиясының сапары барысында да тартылады. Сыртқы сараптама комиссияларының есептері IAAR сайтында ашық қолжетімді: [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) «Аккредиттеу» бөлімінде.

IAAR аккредиттеген барлық білім беру ұйымдары мен білім беру бағдарламалары автоматты түрде Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізіледі. DEQAR Еуропалық тіркелімі еуропалық деңгейде танылған сапаны қамтамасыз ету агенттіктері аккредиттеген білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарының Тіркелімі болып табылады.

IAAR DEQAR деректер базасына Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Румыния және т.б. барлық аккредиттелген білім беру ұйымдарының есептерін орналастырды. Білім беру бағдарламалары мен білім беру ұйымдарын DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін растайды және аккредиттелген білім беру бағдарламаларын Еуропалық жоғары білім кеңістігі аумағында тану үшін негіз болып табылады. IAAR DEQAR базасына енгізген БҰ мен ББ-мен мына сілтеме бойынша танысуға болады: <https://www.eqar.eu/register/agencies/agency/?id=30&cn-reloaded=1>

IAAR БҰ-ларды халықаралық институционалдық аккредиттеу, шетелдік ЖОО-лардың ББ-ларын аккредиттеу жүргізе отырып, олардың білім беру және

ғылыми қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыруға, ББ-ларды жаңартуға, оқытудың жаңа технологияларын енгізуге жәрдемдеседі, сапа мәдениетін дамытуға, сондай-ақ халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялануға ықпал етеді. IAAR аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Еуропа, Америка және Азияның 15 мемлекетінде білім беру ұйымдарына/білім беру бағдарламаларына сыртқы бағалауды табысты жүргізеді. Агенттіктің 2024 жылғы қызметінің маңызды нәтижесі IAAR-дың Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (ENQA) постмониторингінен сәтті өтуі болып табылады.

## 1.2 Ұлттық және шетелдік сарапшылардың сапалық әлеуетін арттыру

IAAR өзінің миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттарын басшылыққа ала отырып, жоғары білім сапасын сыртқы қамтамасыз ету рәсімдерінің түпкі мақсаттарына қол жеткізу үшін сараптамалық әлеуеттің сапасын арттыруға ерекше мән береді. БҰ және/немесе ББ-ны сапалы бағалау үшін IAAR басшылығы сарапшыларды іріктеу мен даярлауға ерекше назар аударады. IAAR сарапшыларының деректер базасына ЖОО қауымдастығының өкілдері, шетелдік сарапшылар, жұмыс берушілер мен студенттер кіреді.

2024 жылы IAAR сараптамалық әлеуетінің деңгейін арттыру мақсатында бар сарапшылар деректер базасын сапалы жаңартуға тұрақты мониторинг жүзеге асырылды. IAAR сарапшылар базасы 2024 жылы әлемнің **39** елінен академиялық қауымдастықтың **4000-нан** астам өкілін қамтыды. Сарапшылардың әрбір санаты үшін сапаны бағалауға ең тәжірибелі мамандарды тартуға мүмкіндік беретін белгілі бір іріктеу критерийлері белгіленген. Іріктеу критерийлері мен талаптары IAAR сыртқы сарапшысының сараптамалық қызметін реттеу жөніндегі ережеде айқындалған. 2024 жылы аккредиттеу рәсімдерін жүргізу кезінде сарапшы ретінде барлық 3 санаттағы сарапшылар тартылды. Барлық аккредиттеу

рәсімдерінде студенттерді бағаланатын әрбір кластерге тарту жөніндегі ENQA талаптары сақталды.

Сарапшыларды іріктеу білім беру саласындағы жұмыс өтілін, ғылыми дәрежесінің/атағының болуын, аккредиттеу агенттіктерінің, кәсіби ұйымдардың, білім беру ұйымдары мен студенттік бірлестіктердің ұсынымдарын ескере отырып жүргізіледі. 2024 жылы халықаралық аккредиттеу жүргізуге Әзербайжан, Өзбекстан, Латвия, Ресей, Қырғызстан және т.б. елдерден ұлттық және шетелдік сарапшылар қатысты.

IAAR шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен сарапшылармен өзара алмасуды жүзеге асыра отырып, белсенді ынтымақтасады. Соңғы 10 жыл ішінде IAAR СЭЖ құрамында ASIIN, ACQUIN, FIBAA, WFME, AIC, ANACES сарапшылары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Грекия, Түркия, Польша, Чехия, Эстония, Латвия, Литва, Украина, Болгария, Беларусь, Қырғызстан және басқа елдердің шетелдік білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты. IAAR-дың шетелдік серіктестері ұсынған сарапшыларды кәсібилік, құзыреттіліктің және мәдениеттің жоғары деңгейі сипаттайды. 2024 жылы серіктес ретінде IAAR сарапшылары Кәсіби-қоғамдық аккредиттеудің ұлттық орталығына (Нацаккредцентр, Ресей), ACQUIN-ге (Германия) ұсынылды.

Шетелдік серіктестермен ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде 2024 жылы IAAR аккредиттеу рәсіміне Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттігі ARACIS (Румыния), ТКТА агенттігі (Әзербайжан), Росаккредагенттігі (РФ) және т.б. ұсынған сарапшылар тартылды. 2024 жылы медициналық бағыттағы шетелдік сарапшылардың құрамы айтарлықтай кеңейді, IAAR-дың шетелдік серіктес агенттіктерінің ұсынымы бойынша сарапшылар тартылды.

Студенттер мен жұмыс берушілердің білім беру сапасын қамтамасыз етудегі рөлін арттыруға және мүмкіндіктерін кеңейтуге мүдделілік таныта отырып, IAAR студенттер мен жұмыс берушілерді ББ-ны бағалауға және шешім қабылдау процесіне белсенді тартады. Барлық аккредиттеу

рәсімдерінде студенттерді бағаланатын әрбір кластерге тарту жөніндегі ENQA талаптары сақталған.

IAAR-дың аккредиттеу агенттіктерімен және сарапшылармен ынтымақтастығы IAAR сарапшыларының жоғары кәсібилігін көрсетеді, сараптамалық қызметтің нәтижелілігін арттыруға, пікір алмасуға, аккредиттеу қызметінің үздік тәжірибесін жинақтауға және таратуға мүмкіндік береді.

IAAR СЭК төрағасы ретінде аккредиттеу процесіне тарту үшін сарапшылар тізімін қалыптастыру мақсатында әртүрлі санаттағы сарапшылардың қызметіне жыл сайын талдау жүргізеді. 2024 жыл ішінде СЭК қалыптастыру кезінде IAAR сарапшыларымен өзара әрекеттестік, жаңа сарапшыларға 2020–2024 жж. күшіне енгізілген Стандарттар мен басшылықтарға сәйкес институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу рәсімдерін түсіндіру жүзеге асырылды.

IAAR-дың сараптамалық әлеуетін арттыру жөніндегі қызметінің маңызды бағыты сарапшыларды оқыту мен даярлау болып табылады. Сарапшыларды даярлау мен сертификаттау «Сыртқы сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі ережеге» сәйкес жүзеге асырылады. Жыл сайынғы жоспарларға сәйкес сапаны бағалау жөніндегі сарапшылыққа үміткерлердің құзыреттерін қалыптастыру мақсатында IAAR оқыту семинарларын өткізеді. Семинарларда тыңдаушылар теориялық бөлімді меңгереді: IAAR талаптары, аккредиттеудің әртүрлі түрлерінің рәсімдерінің мазмұны, IAAR және ESG стандарттары, этика қағидаттары. Семинар шеңберінде сарапшылыққа үміткерлерді даярлау міндетті болып табылады және СЭК құрамына енгізу үшін негіз болады. Даярлаудың 2-деңгейінде СЭК құрамындағы сарапшылардың функцияларына сәйкес практикалық тапсырмалар беріледі. 2-деңгей тапсырмаларын сәтті орындаған кезде үміткер базаға енгізіледі және оған санат (1, 2, 3) беріледі. Санаттар сарапшыларды тарту санын және олардың сапасын бақылауға мүмкіндік береді.

IAAR сарапшыларды даярлау мен біліктілігін арттыру жөніндегі бірқатар семинар ұйымдастырды, оған ҚР және шетел мемлекеттері ЖОО-ларының ПОҚ-ы мен студенттері қатысты. 2024 жылы IAAR кесте бойынша жаңа және жұмыс істеп тұрған сарапшылар, сондай-ақ СЭК төрағалары үшін семинарлар өткізді.

2024 жылы «IAAR сарапшыларын кәсіби дамыту бағдарламасын» іске асыру шеңберінде жұмыс істеп тұрған және жаңа сарапшылар үшін 4 оқыту семинары өткізілді. IAAR 2024 жылғы 10 сәуір мен 24 қазанда БҰ-ға СЭК сапарына IAAR академиялық сарапшыларын даярлау жөніндегі семинарлар өткізді. Қатысушылар аккредиттеу процесінде СЭК сарапшысының негізгі міндеттері мен функцияларымен, IAAR халықаралық аккредиттеу стандарттарына сәйкес сыртқы сапаны бағалау жүргізумен және БҰ және (немесе) ББ-ны аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі Басшылықпен таныстырылды. Семинарларға қатысушылардың назары ББ профилінің параметрлеріне сәйкес бағалаудың алдын ала қорытындыларын алқалы талқылау, СЭК есебінің дәлелдемелік және аналитикалық бөлігін қалыптастыру қағидаттары, күшті жақтары мен тұжырымдалған ұсынымдар мәселелеріне аударылды. Қорытынды бойынша сертификат берілді.

IAAR медициналық БҰ мен медициналық ББ-ларға сыртқы бағалау жүргізу жөніндегі сарапшыларды даярлауға үлкен көңіл бөледі. 2024 жылғы 20 қыркүйекте IAAR денсаулық сақтау БҰ-ларына СЭК сапарына сарапшыларды даярлау жөніндегі вебинар өткізді. Вебинар бағдарламасы екі бөліктен тұрды: теориялық — қатысушылар Агенттік қызметімен, аккредиттеу процесінде СЭК сарапшысының негізгі міндеттері мен функцияларымен танысты, және практикалық — кейстермен жұмыс, БҰ есебінің аккредиттеу стандарттары мен критерийлеріне сәйкестігін бағалау, фокус-топтармен іскерлік ойын. Вебинар қатысушылары WFME және ESG стандарттары негізінде медициналық білім беру жөніндегі IAAR халықаралық

стандарттарына сәйкестікке сыртқы сапаны бағалауды ұйымдастыру және өткізумен, сондай-ақ БҰ мен ББ-ны аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау жөніндегі Басшылықпен танысты. IAAR семинарлары сарапшыларды оқытуда, олардың кәсіби біліктілігін арттыруда және жеке дамуында маңызды буын болды.

IAAR СЭК төрағаларын даярлау мен әлеуетін арттыруға ерекше назар аударады. 2024 жылғы 24 қыркүйекте IAAR СЭК төрағалары үшін «IAAR стандарттарына сәйкестікке сыртқы сапаны бағалау және жетілдіруге бағдарлану» вебинарын өткізді. Модераторлар — стратегиялық даму жөніндегі кеңесші Ысқақова Г.К. және халықаралық мәселелер жөніндегі бас директордың орынбасары Қанапьянов Т.Е. СЭК төрағаларын IAAR құжаттарындағы, оның ішінде мамандандырылған аккредиттеу жүргізу жөніндегі Стандарттар мен Басшылықтағы өзгерістер мен толықтырулармен таныстырды, сыртқы бағалау мен СЭК есебінің IAAR талаптары мен стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етудің маңызды аспектілері бойынша дискуссия жүргізді. СЭК төрағасы ретіндегі жұмыс тәжірибесімен вебинар қатысушыларымен IAAR I санатты сарапшылары бөлісті: Ақыбаева Г.С., э.ғ.к. («ЖжЖОКБ саласындағы ұлттық заңнама нормаларын ескере отырып БҰ/ББ сыртқы бағалауын жүргізу ерекшеліктері»), Брацихин А.А., т.ғ.д. («СЭК қызметін ұйымдастыру және оның жұмысының тиімділігіне әсер ететін факторларды есепке алу»), Алдунгарова А.К., PhD («Студентке бағдарланған оқыту және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі мәселелері бойынша критерийлер мысалында сапаны жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қалыптастыру»). Білім беру ұйымдарының аккредиттеуге терең түсінушілікпен және мазмұнды дайындалуы білім беру сапасын қамтамасыз етудің маңызды тетігі ретінде, стандарт критерийлерінің мазмұнын нақты түсіну, СЭК есептерінің сапасын қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Сараптама кеңестері туралы ережеге сәйкес Агенттік сертификатталған сарапшылар деректер базасынан бағыттар бойынша Сараптама кеңестерін қалыптастырады. Жекелеген сарапшыларды Агенттік сапаны бағалау саласындағы қазақстандық және халықаралық іс-шаралардың жұмысына қатысу үшін делегаттайды. Тәжірибе алмасу мақсатында IAAR қызметкерлері, ұлттық және шетелдік сарапшылар форумдарға, конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, workshops және тренингтерге қатысады.

Медициналық БҰ мен ББ-ны институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі Джакенова А.С. 2024 жылдың қарашасында ҚР Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым жөніндегі комитетінің Абай облысындағы «Денсаулық сақтау жүйесін кадрлық қамтамасыз етудің өзекті мәселелері» тақырыбындағы көшпелі отырысына онлайн форматта Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде қатысты (Семей қ.).

IAAR-дың стратегиялық даму жөніндегі кеңесшісі Ысқақова Г.К. Астана медицина университетінің 60 жылдығына арналған «Astana Medical Forum 2024: Болашақ медицинасы — ғылым, білім беру және практиканың интеграциясы» бірінші халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының жұмысына қатысты (2024 жылғы 14–15 қазан, Астана қ.). Форум назарында медициналық кадрларды даярлау сапасы, медициналық білім беруді трансформациялау, денсаулық сақтау кадрларын даярлаудың жаңа тәсілі ретінде медицинадағы клиникалық технологиялар, оқыту технологиялары мен медициналық білім берудегі инновацияларды дамытудың жаңа көкжиектері, оқыту жүйесіне арналған цифрлық технологиялар болды.

2024 жылдың қарашасында Бас директордың кеңесшісі Яновская О.А. және медициналық БҰ мен ББ-ны институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасының жетекшісі Джакенова А.С. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің 2030 жылға дейінгі инновациялық

ынтымақтастығының мемлекетаралық бағдарламасы шеңберінде «Технологиялар. Әріптестік. Өзара әрекеттестік» конференциясына қатысты, оның мақсаты — ТМД елдерінің ғылыми-техникалық және инновациялық саласының өкілдерімен танысу (Беларусь ұлттық ғылым академиясы, ӨР Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі жанындағы Инновациялық даму агенттігі, «Сколково ғылым және технологиялар институтының Нысаналы капиталы» қоры (Ресей), РТ Экономикалық даму және сауда министрлігі, Hadassah Medical Moscow Мәскеу халықаралық медициналық кластері, Инновацияларды коммерцияландыру және білімді трансферлеу орталығы (Ресей), М. Тынышбаев атындағы АЛТ университеті (Қазақстан), «Qazinnovations» Инновацияларды дамыту ұлттық агенттігі АҚ (Қазақстан)).

IAAR сарапшылары мен қызметкерлері аккредиттеу және рейтинг рәсімдері бойынша әдістемелік басшылықтарды әзірлеуге белсенді қатысады, мақалалар жариялайды. IAAR сарапшыларының кәсіби қызметі сарапшының этикалық мінез-құлқы мен құзыреттері айқындалған нормативтік құжаттар кешенімен реттеледі. «IAAR сарапшысының мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы мәлімдемесі» және «Сарапшының этикалық кодексі» IAAR сайтында жарияланған.

2024 жылы IAAR сарапшыларды кәсіби оқыту бағдарламасын іске асыру, басқа аккредиттеу агенттіктерімен тығыз ынтымақтастық және рәсімдерді жүргізу әдіснамасын жетілдіру арқасында ұлттық және халықаралық сарапшыларды кеңейту мен сапалы өсіру жұмысын жалғастырды. Танылған еуропалық және халықаралық сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінен шетелдік сарапшыларды IAAR қызметіне тарту тәжірибесі сыртқы бағалау саласында жақсы нәтиже береді.

**1.3 Адами ресурстарды, олардың кәсіби құзыреттерін дамыту, Агенттіктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу арқылы IAAR қызметін тиімді басқару**

IAAR-дың миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттары ұйымдық құрылымды және жобалық тәсілді қолдануды айқындады. IAAR құрылымына мынадай бөлімшелер кіреді: «Медициналық жобалар», «Халықаралық жобалар», «ЖОО-ларды институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу жобасы», «ТЖКБ ұйымдарын аккредиттеу жобасы», «Ақпараттық-талдау жобасы» және т.б., олардың қызметі ҚР заңнамасымен және IAAR ішкі құжаттарымен реттеледі. Бақылау кеңесі, Аккредиттеу кеңесі, Апелляциялар мен шағымдарды қарау комиссиясы, Ранжирлеу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңес және қызмет бағыттары бойынша Сараптама кеңестері жұмыс істейді. Агенттік қызметіне жалпы басшылықты бас директор жүзеге асырады.

Барлығы 2024 жыл ішінде Аккредиттеу кеңесінің **10** отырысы өткізілді, оларда Қазақстан Республикасының 20 БҰ-сы, 2 шетелдік БҰ, Қазақстандағы әртүрлі оқу деңгейіндегі 609 ББ-ны және шетелдік БҰ-лардың 59 ББ-сын халықаралық мамандандырылған аккредиттеу қаралды. Отырыстарда Аккредиттеу кеңесінің мүшелері БҰ-ның стратегиялық дамуы, білім алушылар мен ПОҚ-тың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы, БҰ кадрлық әлеуетін дамыту және т.б. мәселелеріне ерекше назар аударды. Аккредиттеу кеңесінің жұмысын ұйымдастыру отырыстар кестесіне сәйкес жүргізілді. IAAR кең жұртшылықты БҰ қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы уақытылы хабардар етеді. АҚ қабылдаған шешімдер бойынша ақпарат ҒЖБМ ҚР-ға (ҒЖБМ ҚР 2, 3 Тіркелімі үшін) және БҰ-ға да жіберіледі. АҚ қабылдаған шешімдер Агенттік сайтында жарияланады.

2024 жылы IAAR Жоғары білім жөніндегі Сараптама кеңесі цифрлық технологияларды пайдалана отырып іске асырылатын БҰ мен ББ-ны халықаралық аккредиттеу жөніндегі Стандарттар мен басшылықты (ESG негізінде) талқылады, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (Қазақстан) ББ-ларын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттарын педагогикалық бағыттағы ББ-ларды аккредиттеу бөлігінде қайта қарады, ел

заңнамасындағы өзгерістерге байланысты Қырғыз Республикасына арналған Стандарттар мен Басшылықтарға өзгерістер енгізді.

2024 жылы Медициналық білім беру жөніндегі Сараптама кеңесінің 2 отырысы өткізілді, оларда IAAR-дың Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы сарапшыларының ұсынымын орындау туралы жыл сайынғы есебін дайындау және бекіту, Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі VIII Орталық Азия халықаралық форумына дайындалу, оның ішінде медициналық панельдік сессияның жұмысы мәселелері қаралды; базалық медициналық білім берудің жаһандық стандарттарына (WFME, 2015, 2020), медицина және денсаулық сақтау магистрі дәрежелері үшін сапаны жақсарту стандарттарына (WFME, 2016), ЕЖБК-да сапаны қамтамасыз ету жөніндегі стандарттар мен басшылықтарға (ESG, 2015), бірлескен бағдарламалардың сапасын қамтамасыз етуге еуропалық тәсілді (Ереван, 2015, Тирана 2024) ескере отырып, бакалавриат пен магистратураның бірлескен білім беру бағдарламаларын халықаралық мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі Стандарттар бекітілді.

IAAR-да тұрақты негізде **20** қызметкер жұмыс істейді. IAAR қызметкерлерінің функционалдық міндеттері мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтарда және Жұмыс жоспарларында айқындалған. Коммуникациялар өзара әрекеттестік, апта сайынғы кеңестер, ішкі аудит арқылы жүзеге асырылады. IAAR үйлестірушілері әрбір СЭК сапарынан кейін сауалнама толтырады. Мұның бәрі жұмысқа оң әсер етеді және аккредиттеу рәсімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ-нің 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясының 1-мақсаты «Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін ұлттық және халықаралық білім беру кеңістігінде дамыту жөніндегі тұрақты қызметіне» қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру ENQA мүше-агенттіктеріндегі сапаны қамтамасыз ету және сапаны арттыру жөніндегі мамандардың жалпы негізгі құзыреттері

айқындалған «ENQA сапаны қамтамасыз ету кәсіби құзыреттер шеңберінің» талаптарына сәйкес құзыреттерді дамытуға және қалыптастыруға ықпал етті.

2024 жылы тұрақты негізде апта сайынғы кеңестер өткізілді, онда СҚЖ мәселелері талқыланды. Сондай-ақ білім беру ұйымын және/немесе ББ-ны сыртқы бағалау жүргізу рәсімдерінің сабақтастығын, келісімділігі мен жалғастығын қамтамасыз ету, тәжірибе алмасу мақсатында IAAR үйлестірушілерінің ішкі семинарлары, формалды және формалды емес кездесулері өткізілді. БҰ-ға СЭК сапары кезінде, СЭК есептерін жасау кезінде, анонимді сауалнама жүргізу кезінде туындайтын қиындықтар, оның ішінде сыртқы бағалаудың барлық рәсімдерін жетілдіру және біртұтас келісілген форматқа келтіру мүмкіндіктері тұрақты талқыланды. Қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту арқасында IAAR даму стратегиясының міндеттері табысты орындалады және белгіленген жоспарлар іске асырылады.

2024 жылы IAAR қызметкерлері білім беру және сапаны қамтамасыз ету мәселелері бойынша түрлі конференцияларға, семинарлар мен форумдарға қатысу арқылы кәсіби құзыреттерін арттырды. 2024 жылдың ақпанында IAAR өкілдері Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы (WFME) ұйымдастырған трансшекаралық аккредиттеу жөніндегі дөңгелек үстелдің жұмысына қатысты. Дөңгелек үстелді WFME трансшекаралық медициналық аккредиттеу мәселелеріндегі сын-кәтерлер мен үздік тәжірибені талқылау үшін ұйымдастырды. Дөңгелек үстел жұмысына WFME Президенті professor Ricardo León-Bórquez, WFME хатшылығының өкілдері және әлемнің 6-дан астам елінде WFME танылуына ие басқа да халықаралық агенттіктер қатысты. IAAR WFME ресми танылуына ие 14 елдегі аккредиттеу қызметінің тәжірибесімен бөлісті.

2024 жылғы 15 наурызда ҒЖБМ ҚР Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы ұйымдастырған «Академиялық адалдық — жоғары білім сапасын қамтамасыз ету факторы ретінде» семинарында Бас директордың кеңесшісі, э.ғ.д., профессор Яновская О.А. «Ел ЖОО-ларында сапа мәдениеті мен

академиялық адалдықты ілгерілету» презентациясымен сөз сөйледі. Спикерлер назарында жоғары оқу орындары түлектерін даярлау сапасын қамтамасыз ету мәселелері болды. Семинарда білім алушылардың академиялық адалдығын дамытудың негізі ретіндегі құқықтық мәдениет пен сауаттылықтың өзекті мәселелері, академиялық адалдықты нормативтік қамтамасыз етудің түрлі аспектілері, академиялық адалдықты сақтаудың заманауи тәсілдері, әдіснамасы мен құралдары белсенді талқыланды.

Осылайша, сарапшылар мен қызметкерлерді кәсіби дамыту процесі IAAR басшылығымен жоспарланады және бақыланады, СҚІЖ шеңберінде, ішкі кеңестерде, Сараптама кеңестерінің отырыстарында, IAAR өткізетін форумдар мен семинарларда, сондай-ақ ұлттық және халықаралық серіктестермен бірге қаралады. IAAR сарапшылары мен қызметкерлері заманауи талаптарға, оның ішінде «ENQA сапаны қамтамасыз ету кәсіби құзыреттер шеңберіне» сәйкес Агенттіктің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін табысты іске асыруға бағытталған жеке және кәсіби құзыреттерін дамытады.

#### **1.4 Кері байланысты дамыту және сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жетілдіру негізінде IAAR қызметінің тиімділігін арттыру**

IAAR стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және қызмет тұтынушыларының қанағаттану дәрежесін айқындау бойынша қызметкерлерді де, стейкхолдерлерді де толық тарту үшін ішкі орта қалыптастырады. IAAR 2022–2026 жылдарға арналған даму стратегиясында жыл сайынғы жұмыс жоспарларын дайындау үшін негіз болатын миссияны, пайымды, стратегиялық мақсаттарды айқындады.

Сапа саласындағы Саясатқа және IAAR Даму стратегиясына сәйкес СҚІЖ әзірленді, құжатталды, енгізілді және жұмыс жағдайында ұсталады, СҚІЖ Басшылығында ресімделді және сайтта жарияланды. Ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді ескере отырып, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі жөніндегі Саясат пен Басшылық сапа мәдениетін қалыптастыруға,

стейкхолдерлердің — мемлекеттің, қоғамның, БҰ-лардың, жұмыс берушілердің, білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағдарлана отырып жаңартылады.

IAAR қызметінің тиімділігін арттыруға сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі шеңберінде агенттік қызметіне мониторинг жүргізу, оның ішінде тұрақты жақсарту жөніндегі жұмыс топтарының жұмысын ұйымдастыру; ішкі аудит жүргізу, оның нәтижелері бойынша есеп дайындау; түзету іс-қимылдарының жоспарын әзірлеу және іске асыру және басқа да іс-қимылдар ықпал етеді. СҚІЖ-ні жақсарту кері байланыс жүргізу, талдау, түзету іс-қимылдары және тәуекелдерді басқару арқылы жүзеге асырылады.

IAAR алқалы органдар мен сарапшылардың қатысуымен СҚІЖ-ні жақсарту бойынша үнемі жұмыс істейді. Қызметті жақсартуға бағытталған сыртқы және ішкі кері байланыс тетіктері әзірленді және енгізілді. Персоналды СҚІЖ тиімділігін тұрақты қамтамасыз ету процесіне тарту үшін басшылық бастамашыл қызметкерлер мен сарапшылардан тұратын жұмыс топтарының қызметін қолдайды. IAAR қызметкерлері, алқалы органдардың мүшелері IAAR нормативтік құжаттарын, оның ішінде Даму стратегиясын, шағымдар мен апелляциялар рәсімдерін, аккредиттеу стандарттары мен критерийлерін талқылауға қатысады, IAAR қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

СҚІЖ Басшылығына сәйкес IAAR оның нәтижелілігін айқындау, тиімділігі мен IAAR талаптарына, сондай-ақ тұтынушылар мен сыртқы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында сапаны қамтамасыз ету жүйесіне ішкі тексерулер жүргізеді. Ішкі тексеру жылына бір рет негізгі процестер — БҰ және (немесе) ББ-ны аккредиттеу мен аккредиттеуден кейінгі мониторинг және басқа да бағыттар бойынша жүргізіледі. Бас директор Жұмағұлова А.Б.-ның 2023 жылғы 27 желтоқсандағы бұйрығымен ішкі аудит жүргізу жөніндегі жұмыс тобы құрылды: жетекші — Ысқақова Г.К., мүшелері — халықаралық қызмет

жөніндегі бас директордың орынбасары Қанапьянов Т.Е., Қыдырмина Н.А., Джакенова А.С.

Бекітілген ішкі аудит бағдарламасына сәйкес 2024 жылғы 1 ақпанда іс-шаралар өткізілді: ішкі аудиторлармен кеңес, ішкі аудит бағдарламасы талқыланды, Жұмыс тобы мүшелерінің міндеттері бөлінді. Ішкі аудит 2024 жылғы 1–24 ақпанда өтті. Ішкі аудит нәтижелері Агенттік қызметкерлерінің негізгі бизнес-процестерді — БҰ және/немесе ББ-ны халықаралық аккредиттеу мен постмониторингті IAAR Стандарттары мен талаптарына сәйкес жүзеге асырғанын көрсетті; жоба жетекшілері мен IAAR қызметкерлері СҚІЖ-ні жақсарту бойынша елеулі жұмыс жүргізді. Тексерілетін ЖОО-лар бойынша СЭК есептеріне жүргізілген талдауға сәйкес сапар бағдарламасының барлық іс-шаралары толық көлемде және тиісті мерзімде орындалды және сыртқы бағалауды стандарттарға сәйкес жүргізуге мүмкіндік берді. Үйлестірушілер белгіленген мерзімдерге (СЭК Басшылығы, аккредиттеу Стандарттары) сәйкес аккредиттеу мерзімдерінің қатаң сақталуын қамтамасыз етті.

Жұмыс тобы аккредиттеу IAAR-дың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады деген қорытындыға келді. СЭК есептері құрылымы мен мазмұны жағынан тұтастай алғанда IAAR талаптарына сәйкес келеді. СЭК есептерінің дәлелдемелік және аналитикалық бөліктерінің мазмұны көбіне бір-бірімен өзара байланысты, ұсынымдар негізделген және ЖОО-лар қызметін жақсартуға бағытталған. СЭК есептеріне жүргізілген талдау СЭК сарапшыларының ішкі сараптама нәтижелері бойынша тұжырымдалған ескертулерді ескеретінін және АК-ға есептерді сапалырақ деңгейде ұсынатынын көрсетті.

Жұмыс тобы мазмұны бойынша СЭК есептерінің, оның ішінде дәлелдемелік және аналитикалық бөліктерінің, сарапшылар атап өтетін күшті жақтары мен ұсынымдарының сапалы жақсарғанын атап өтеді. Бұған 2022–2023 жж. сарапшылар үшін СЭК есебін жазуға қойылатын жаңа, жаңартылған

талаптарды түсіндіру жөніндегі оқыту семинарларын өткізу де ықпал етті. Үйлестірушілер білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау есептерін рецензиялау және СЭЖ есептерінің ішкі сараптамасын жүргізу процестерін жүргізу кезінде, сондай-ақ жұмыс тобы мүшелері ішкі аудит жүргізу кезінде БҰ және (немесе) ББ-ны аккредиттеу процесінде сыртқы бағалау рәсімін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Басшылықта баяндалған IAAR талаптарын басшылыққа алды.

Ішкі аудит барысында жұмыс тобы мынадай кемшіліктерді анықтады: кейбір СЭЖ есептерінде ұсынымды дәлелдеу үшін студенттер мен ПОҚ-ты анонимді сауалнаманы талдаудың болмауы, есепте сауалнама нәтижелерін әлсіз пайдалану. Жекелеген жағдайларда ішкі сараптама ескертулері толық көлемде пысықталмайды.

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша үйлестірушілер БҰ-лар ұсынатын СЭЖ ұсынымдары шеңберінде сапаны жақсарту мен жетілдіру жөніндегі іс-шаралар Жоспарларының сапасына, оның ішінде СЭЖ есебінде тұжырымдалған ұсынымдарға сәйкестігіне; аккредиттелетін нысанның ерекшелігін ескере отырып, орындау мерзімдері мен жауапты адамдарды көрсете отырып, «Ұсынымдарды орындау жөніндегі іс-шаралар» бөлімінің толтырылуына бақылауды күшейтті.

Аудитке ұсынылған постмониторинг есептеріне жүргізілген талдау жауапты үйлестірушілер мен постмониторинг жөніндегі жоба жетекшісінің жоспарларды мазмұндық қарауын күшейту, БҰ-ның аккредиттеуден кейінгі мониторинг Жоспарында барлық СЭЖ ұсынымдарының болуын тексеруге, сондай-ақ жоспарлардың уақытылы ұсынылуына, олардың БҰ-да тиісті бекітілуіне мониторинг жүргізуге көбірек назар аудару қажеттігін көрсетті.

Осылайша, жұмыс тобы Агенттік жүргізетін негізгі бизнес-процестерді талдау, IAAR сарапшыларына сауалнама нәтижелері негізінде жүргізген ішкі аудит жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға және IAAR аккредиттеу қызметінің сапасын арттыруға бағытталған шараларды ұсынуға мүмкіндік берді. Жұмыс

тобы жүргізген ішкі аудит жақсарту мүмкіндіктерін Түзету іс-қимылдары жоспары түрінде ұсынуға мүмкіндік берді. Соңғысы 17 іс-шараны қамтыды, олар 2024 жыл ішінде толық көлемде орындалды. Атап айтқанда, түзету іс-қимылдары жоспарына сәйкес үйлестірушілер өзін-өзі бағалау есебінің құрылымына Стандарттар мен Басшылықтардың барлық талаптарына сәйкестігі тұрғысынан, берілетін біліктілік, ҰБШ және ЕБШ деңгейі, IAAR стандартының шығыс деректері туралы ақпаратты көрсете отырып мониторинг пен бақылауды күшейтті, оның ішінде өзін-өзі бағалау есептерінің мазмұны ЖОО есептерінде өз қызметінің сыни талдауының болуы тұрғысынан ерекше бақылауға алынды. Үйлестірушілер тұрақты негізде СЭК Төрағасы мен барлық мүшелерінің назарын СЭК есептеріне қойылатын Агенттік талаптарына — мазмұны бойынша да, ресімделуі бойынша да — СЭК мүшелерінің есептерді ішкі сараптама нәтижелері бойынша толық көлемде міндетті пысықтау қажеттілігіне аударды. Түзету іс-шаралары Жоспарының 2.1-тармағына сәйкес 2024 жылдың маусымында IAAR қызметкерлері арасында корпоративтік мәдениетті нығайтуға және ұжымдағы салауатты моральдық-психологиялық ахуалды қолдауға бағытталған Team-building өткізілді.

Тәжірибе IAAR ішкі аудиті нәтижелерінің Агенттіктің іске асырылатын жобаларының қызмет сапасын қамтамасыз етуге оң әсерін көрсетеді. Сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі шеңберінде жоғарыда көрсетілген сауалнамалардың нәтижелері IAAR қызметін талдау мен жақсарту үшін пайдаланылады. СҚІЖ мәселелері қызметкерлердің апта сайынғы кеңестерінде, Сараптама кеңестері мен Аккредиттеу кеңесінің отырыстарында талқыланады.

Ішкі аудит, негізгі стейкхолдерлерге сауалнама, аналитикалық есептер, СЭК есептерін талдау және т.б. нәтижелері Агенттіктің жедел қызметінде, IAAR жыл сайынғы даму жоспарларын, қызметкерлердің жеке жоспарларын әзірлеу кезінде және т.б. ескеріледі. Тәжірибе IAAR СҚІЖ-нің негізгі бизнес-

процестер: халықаралық (институционалдық және мамандандырылған/бағдарламалық) аккредиттеу, БҰ-ны аккредиттеуден кейінгі мониторинг бойынша белгіленген талаптарды сөзсіз орындауға деген сенімділікті қолдауға оң әсерін көрсетеді.

IAAR стейкхолдерлермен байланысты процестердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, қызметтерге қатысты стейкхолдерлердің пікірлерін зерделеу жөніндегі іс-шараларды жүйелі жүргізеді. БҰ мен сарапшыларға өлшеу құралдарын қолдану арқылы сауалнаманы талдау, сондай-ақ СЭК есептерін талдау жыл сайын ақпараттық-талдау жобасымен жүргізіледі. БҰ мен сарапшыларға сауалнаманы талдау нәтижелері IAAR сайтында «Аналитикалық есептер» бөлімінде жарияланады, СКІЖ-ні жақсарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу және басшылыққа ұсыну үшін Сараптама кеңестерінде қаралады, жұмыста пайдаланылады.

Білім беруді дамытудың өзекті проблемаларын, тенденциялары мен болашағын және сапаны қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдерді анықтау мақсатында IAAR жыл сайын СЭК есептеріне талдау жүргізеді, оның нәтижелері Сараптама кеңесінде талқыланады және IAAR сайтында жарияланады.

Сапа саласындағы Саясатқа сәйкес стейкхолдерлермен және қызмет тұтынушыларымен жұмыс олардың талаптарын қанағаттандыруға бағытталған және кері байланыс пен өзара тиімді әріптестік қағидаттарына негізделген. 2024 жылы IAAR түрлі алаңдар (конференциялар, семинарлар, форумдар және т.б.) арқылы сапаны қамтамасыз етудің үздік тәжірибесін таратады, білім беру ұйымдарымен, жастар ұйымдарымен және т.б. білім беру, түсіндіру және ақпараттық жұмыс жүргізеді. Мысалы, 2024 жылғы 9 ақпанда IAAR «Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі 2024» қатысушылары үшін вебинар өткізді. Вебинар спикері — ф.-м.ғ.д., профессор, IAAR Ранжирлеу мәселелері жөніндегі консультациялық кеңесінің төрағасы, ранжирлеу бағдарламасының

әзірлеушісі Шүнкеев К.Ш. Вебинар жұмысына ҚР ЖОО-ларының проректорлары, бөлімше басшылары мен ПОҚ-ы қатысты.

IAAR мемлекеттік, мемлекеттік емес және қоғамдық ұйымдармен (студенттік бірлестіктермен, жұмыс берушілердің қауымдастықтары мен кәсіби қауымдастықтарымен және т.б.), халықаралық серіктестермен сындарлы ынтымақтастықты жүзеге асырады. IAAR өзі қызмет ететін елдердің білім беру саласындағы уәкілетті органдарымен заңнамалық талаптарға сәйкес өзара әрекеттеседі, сыртқы бағалаудың нәтижелері туралы хабардар етеді, сапаны қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін дамытуға жәрдемдеседі, ESG стандарттарын енгізу мәселелері бойынша консультация береді, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-шаралар жүргізеді және академиялық қауымдастықтың кәсіби дамуына ықпал етеді. IAAR жыл сайын қызметі туралы есеп жібереді, сондай-ақ тұрақты негізде ҒЖБМ ҚР-ны, ҚырР БҒМ-ні, ҚырР Ұлттық аккредиттеу кеңесін және ТР БҒМ-ні аккредиттелген БҰ және/немесе ББ туралы хабардар етеді (олардың талаптарына сәйкес).

2024 жылғы 29 қаңтарда IAAR Бас директоры Жұмағұлова А.Б. және кеңесші Яновская О.А. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында Астана қаласында өткен ҒЖБМ ҚР-ның «Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету: жай-күйі және даму болашағы» Форумының жұмысына қатысты. Форум шеңберінде сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесін жақсарту, ғылыми кадрларды даярлауды жетілдіру және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру бойынша тақырыптық сессиялар өтті.

2024 жылғы 29 наурызда Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығы (бұдан әрі — ЖБДҰО) «Astana IT University»-мен бірлесіп ұйымдастырған «Жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ішкі жүйесі: барлық тараптардың көзқарасы» республикалық семинары өтті. Семинарда Бас директор А. Жұмағұлова «Жоғары білімдегі сапаны ішкі және сыртқы қамтамасыз ету жүйелерінің өзара әрекеттестігі: аккредиттеу органының көзқарасы»

баяндамасымен сөз сөйлеп, агенттіктің «сапа триадасы»: ҒЖБМ ҚР, Аккредиттеу агенттіктері және ЖОО-лардың өзара әрекеттестігін модельдеу тәжірибесімен бөлісті.

Сыртқы стейкхолдерлердің сапаны бағалауға неғұрлым белсенді тартылуын IAAR-дың кәсіби бірлестіктермен және жұмыс берушілер мен студенттер қауымдастығымен, сондай-ақ IAAR алқалы органдарының (АК, ЖБ СК, МБ СК, ТжКБ СК) құрамындағы шетелдік ЖОО-лармен ынтымақтастығы дәлелдейді. IAAR қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (ҰКП), ҚР Ұлттық медициналық қауымдастығымен, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығымен, ҚР Ұлттық инженерлік академиясымен, Халықаралық информатизация академиясымен, Жоғары білімді дамытудың ұлттық орталығымен (ЖБДҰО) және т.б. ынтымақтастықты жалғастырды.

IAAR білім алушылардың мүдделерін ілгерілету қабілеттерін және басқа стейкхолдерлермен қатар білім беру сапасы үшін жауапкершілік алуға дайындығын көрсететін Қазақстанның жастар ұйымдарымен сенім әлеуеті мен әріптестікті белсенді дамытады. 2024 жылы IAAR Қазақстанның жастар және студенттік ұйымдарымен, оның ішінде ең ірі студенттік қоғамдық ұйыммен — Қазақстан студенттер альянсымен белсенді ынтымақтасты.

IAAR өзінің қызметін өлшеудің, талдаудың және жақсартудың тиімді құралы ретінде тану және сыртқы бағалау органдары жүргізетін қызмет сапасын кезеңдік сыртқы бағалауды қарастырады. IAAR Даму стратегиясына сәйкес ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де қызмет сапасын кезеңдік сыртқы бағалаудан өтеді. IAAR-ды, мысалы, EQAR-ға енгізу IAAR аккредиттеген барлық БҰ мен ББ автоматты түрде Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізілуін жалғастыратынын білдіреді. ББ мен БҰ-ны DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына

сәйкестігін растайды және аккредиттелген ББ-ларды ЕЖБК аумағында тану үшін негіз болып табылады.

IAAR СКІЖ-нің жұмыс істеуі, барлық негізгі бизнес-процестер бойынша қызметті жетілдіру, оның ішінде негізгі стейкхолдерлермен тығыздық кері байланыс, аккредиттелген ЖОО мен сарапшыларға сауалнама нәтижелерін кеңінен пайдалану, IAAR аналитикалық есептерін әзірлеу, тақырыптық талдау жүргізу; студенттердің Агенттік қызметіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету Қазақстан мен шетел мемлекеттерінің БҰ-ларына жүргізілетін сыртқы бағалаудың сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Осылайша, IAAR Қазақстан Республикасы мен шетел елдерінің БҰ мен ББ-ларын халықаралық аккредиттеу жүргізе отырып, аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығында жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсетеді, Еуропа, Америка және Азия ЖОО-ларына сыртқы бағалауды табысты жүргізеді.

## **2. Білім беру сапасын қамтамасыз етуге мониторинг жүргізу және үздік әлемдік тәжірибені ұлттық жүйелер мен білім беру ұйымдарын дамытуға енгізу**

### **2.1 Аккредиттеуден кейінгі мониторинг рәсімі мен қағидаларының сапасын арттыру**

Аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттеудің тиісті түрінің критерийлеріне сәйкес аккредиттелген БҰ және/немесе ББ-ның сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыруға мониторинг жүргізу мақсатында жүргізіледі. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу сапасын арттыру мақсатында аккредиттелген БҰ-лар IAAR-ға аралық есеп жібереді, ол аккредиттеу туралы куәлік алған сәттен бастап СЭК ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызметі туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттарына сәйкес БҰ-дағы барлық өзгерістер туралы ақпаратты қамтиды.

2024 жылы институционалдық аккредиттеу шеңберінде аккредиттеуден кейінгі мониторингтен **23** БҰ өтті, оның ішінде: **18** ЖОО, **3** колледж, **2** қосымша білім беру ұйымы. Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу шеңберінде 2024 жылы аккредиттеуден кейінгі мониторингтен **741** ББ өтті, оның ішінде ЖОО-лардың **735** ББ-сы және ТЖКБ-ның **6** ББ-сы (11-кесте).

**11-кесте. 2024 ж. БҰ және/немесе ББ-ны аккредиттеуден кейінгі мониторинг**

<b>Ұйымдар</b>		<b>Институционалдық аккредиттеу</b>	<b>Мамандандырылған/бағдарламалық аккредиттеу</b>	
		<i><b>БҰ саны</b></i>	<i><b>БҰ саны</b></i>	<i><b>ББ саны</b></i>
<b>ЖОО</b>	Азаматтық	9	50	626
	медициналық	9	23	109
<b>ТЖКБ ұйымдары</b>	Медициналық	3	2	6
<b>Қосымша білім беру ұйымдары</b>		2	0	0
<b>Барлығы</b>		<b>23</b>	<b>75</b>	<b>741</b>

Постмониторинг есептеріне жүргізілген талдау институционалдық аккредиттеу шеңберінде ұсынымдарды іске асырудың жоғары деңгейін Astana IT University, А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Б. Сыдықов атындағы Қырғыз-Өзбек халықаралық университеті ұсынғанын көрсетті, ал мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде — Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Қарағанды индустриялық университеті, Қарағанды медицина университеті, М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті сияқты ЖОО-лардың ББ-лары.

Осылайша, 2024 жылы БҰ және/немесе ББ-ны постмониторинг бекітілген кестеге сәйкес жүрді. Ішкі аудитке сәйкес мониторинг бойынша ұсынылатын

материалдардың сапасы жыл сайын жақсаруда. Сараптама топтарының БҰ мен ББ-ны аккредиттеуден кейінгі мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша есептері және Аккредиттеу кеңесінің шешімдері IAAR сайтында орналастырылады.

## **2.2 Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйелерін жетілдіруде IAAR-дың аналитикалық әлеуетін арттыру**

2022–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру, аккредиттеу рәсімдерін жүргізу сапасын жақсарту және негізгі стейкхолдерлерден кері байланыс алу шеңберінде IAAR аналитикалық қызметті жүзеге асырады және әзірленген құжаттар мен материалдарды кең жұртшылыққа ұсынады.

2024 жылы СЭК есептеріне мониторинг жүргізілді және 2023 жыл үшін IAAR халықаралық мамандандырылған аккредиттеуін жүргізу нәтижелері бойынша **276** ББ бойынша ЖОО-лардың даму бағыттары айқындалды. **24** қазақстандық ЖОО-ның СЭК есептерінде ұсынылған ұсынымдар олардың қызметін әрбір стандарт бойынша бағалауды жинақтауға және одан әрі даму бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік берді. Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалауды IAAR ESG стандарттарына сәйкес келетін ЖОО-лардың ББ-ларын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттары мен Басшылықтары негізінде жүзеге асырды. Жүргізілген талдауға сәйкес, **276** ББ-дан **4** бағдарлама 7 жылға, **245** — 5 жылға, **26** ББ — 3 жылға, ал **1** бағдарлама 1 жылға аккредиттелді. Аккредиттелген ББ-лардың жалпы санынан **88** бастапқы (ex-ante) аккредиттеуден өтті, олардан 5 жылға — **83** ББ және 3 жылға — **5** ББ.

Есепті жылы 2023 жыл үшін IAAR сарапшыларына сауалнама нәтижелері бойынша Аналитикалық анықтама және 2023 жыл үшін IAAR аккредиттеген БҰ-ларға сауалнама: Аналитикалық анықтама дайындалды. Аналитикалық анықтамалар БҰ-ны халықаралық аккредиттеу жүргізуге қатысқан **131** IAAR сарапшысына сауалнама және 2023 жылы IAAR халықаралық институционалдық және/немесе мамандандырылған (бағдарламалық)

аккредиттеу рәсімінен өткен **48** БҰ-ға сауалнама нәтижелері негізінде дайындалды.

Талдауға сәйкес, IAAR сыртқы бағалау рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде сарапшылардың **97%-ы** СЭК мүшелерінің үйлесімді алқалы жұмысын, жайлы жағдайды және IAAR Төрағалары мен үйлестірушілерінің тұрақты қолдауын атап өтеді. Жоғары пайыз — сарапшылардың **98%-ы** IAAR үйлестірушілерінің жұмысын оң және тиімді бағалайды. Көптеген сарапшыларды жетекші халықаралық аккредиттеу агенттігінде жұмыс істеу және басқа ЖОО-лардың әріптестерімен тәжірибе алмасу мүмкіндігі қызықтырады.

2023 жыл үшін сарапшыларға сауалнаманы бағалау мен талдау нәтижелері бойынша мынадай ұсынымдар берілді:

1. БҰ және/немесе ББ-ны сыртқы бағалау рәсімінің қорытындысы бойынша СЭК есебін оңайлату.
2. Бағалау жүйесін қайта қарау: критерийлердің әртүрлі «салмағы» болуы мүмкін, неғұрлым маңызды критерийлер бар, бірақ критерийлердің салмағы бірдей. Сондықтан неғұрлым салмақты критерийлер әрқашан «маңыздылығы аз» критерийлермен теңестіріледі.

Есепті жылы 2022–2023 жылдары СЭК сапарынан кейінгі кері байланыс нәтижелері бойынша талдау жүргізілді. Аккредиттелген БҰ, СЭК мүшелері мен IAAR үйлестірушілеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша аналитикада СЭК сапарынан кейінгі кері байланысқа және IAAR халықаралық аккредиттеу процесіне қанағаттану деңгейіне баға берілді.

Талдау нәтижелері БҰ пікірінше СЭК жұмысы объективті, тәуелсіз және ашық жүргізілгенін көрсетті. СЭК мүшелері тиімді коммуникацияларды (**98%**), кәсібилікті (**98%**), этикалық нормаларды сақтауды (**97%**), есеп жазудың тамаша дағдыларын (**97%**) және халықаралық сапаны қамтамасыз ету мен ESG саласындағы жақсы білімді (**98%**) көрсетті.

Респонденттер пікірінше, СЭК мүшелерінің сыртқы бағалаудың барлық қатысушыларымен өзара әрекеттестігі дұрыс, достық форматта өтті. БҰ-лар IAAR үйлестірушілерінің кәсібилігі мен жұмысының нақтылығын атап өтеді. Жалпы алғанда, БҰ-лар СЭК жұмысына толық қанағаттанады және аккредиттеу процесі жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтеді.

IAAR қызметін жақсарту және аккредиттеу қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында қажет:

- сарапшылардың түрлі топтары мен санаттары үшін жеке (Төрағалар, студенттер, жұмыс берушілер, шетелдік сарапшылар) кәсіби даму жөніндегі оқыту семинарлары тәжірибесін жалғастыру;
- білім беру бағдарламаларын бағалауға неғұрлым мүдделі қатысу мақсатында студенттер үшін IAAR стандарттары мен студентке бағдарланған оқыту қағидаттары бойынша оқыту семинарларын өткізу;
- өз ББ шеңберінде оқу процесі туралы хабардар болуы жоғары жоғары курс студенттерін аккредиттеуге тарту;
- фокус-топтармен сұхбат жүргізу, ББ сапасын талқылау, сондай-ақ оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу кезінде аккредиттеуге тартылатын жұмыс берушілердің белсенділігін арттыру.

Агенттіктің 2025 жылғы қызмет жоспарына сәйкес «Білімді цифрландыру, білім беруге IT-технологияларды енгізу» тақырыбында тақырыптық талдау жүргізілді, ол заманауи трендтер жағдайында жоғары білім жүйесінде IT-технологияларды дамыту мәселелеріне арналған: білім беру процесіне жаңа инновацияларды белсенді енгізу. Зерттеуде Қазақстан Республикасының цифрландыру дамуының заманауи жай-күйі және оның халықаралық рейтингтегі орны ұсынылған, білім беру жүйесіндегі цифрлық өзгерістер тәсілдері қарастырылған, ел ЖОО-ларында цифрлық технологияларды енгізудің нақты мысалдары келтірілген, сондай-ақ нәтижелер мен білімді бағалауға кері әсер ететін тежеуші факторлар қарастырылған.

Аналитикалық есептер IAAR сайтында БҰ-лардағы СКІЖ-ні дамытуға ықпал ететін талдау нәтижелері туралы ақпаратқа стейкхолдерлер мен кең жұртшылыққа ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында орналастырылған. Барлық сауалнама түрлерінің нәтижелері Сараптама кеңестерінің қарауына шығарылады және ұсынымдар түрінде шешім қабылдау үшін бас директорға ұсынылады.

**IAAR-дың қызмет туралы жыл сайынғы есебі** IAAR қызметінің барлық бағыттары бойынша ақпаратты қамтиды және Бақылау кеңесіне ұсынылады. IAAR Стратегиясын іске асырудың 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес білім беру және ғылым саласындағы уәкілетті орган үшін IAAR қызметі туралы есеп дайындалды. Білім беру сапасын қамтамасыз ету шеңберінде IAAR-дың Қырғызстан мен Тәжікстан аумағындағы қызметі туралы жыл сайынғы есеп әзірленіп, жарияланады. 15 маусым мен 30 желтоқсанға дейін Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрлігіне «Аккредиттелген ұйымдар мен бағдарламалар тіркелімі» есептілік нысанына сәйкес аккредиттелген БҰ мен ББ тізбесі дайындалып, ұсынылады. IAAR-дың Қырғыз Республикасы ЖОО-ларында сапа мәдениетін ілгерілету жөніндегі 2024 жылғы қызметі туралы есеп дайындалып, Қырғыз Білім және ғылым министрлігі мен Ұлттық аккредиттеу кеңесіне жіберілді. Агенттік үшін IAAR есебін Қырғыз Республикасы аумағында кейіннен жариялау міндетті болып табылады.

2024 жылы IAAR аккредиттеу қызметіне жүргізілген мониторинг және халықаралық мамандандырылған аккредиттеу жүргізу процесінде ЖОО-лар қызметінің жай-күйін бағалау ЖОО-лар қызметінің, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының болашағы бар бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді, ал ұсынылған ұсынымдарды іске асыру жекелеген ЖОО-лардың да, тұтастай жоғары білім жүйесінің де қызмет сапасына оң әсер етеді. IAAR-дың аналитикалық қызметі арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік тәжірибені жинақтау мен даму тенденцияларын айқындау

нәтижелерін ұлттық және халықаралық деңгейдегі мүдделі стейкхолдерлер пайдаланады.

IAAR сайтында жүйелі негізде ақпараттық және аналитикалық материалдар, оның ішінде тақырыптық талдау, БҰ-ларда СҚІЖ-ні дамыту бойынша жарияланады. IAAR Даму стратегиясын іске асыру жоспарына сәйкес жүйелі негізде БҰ және (немесе) ББ-ны бағалау қорытындысы бойынша СЭК есептерінің IAAR веб-сайтында жариялануын қамтамасыз ету жұмысы жүргізіледі. Жоғарыда көрсетілген барлық аналитикалық материалдар мен есептер кең жұртшылыққа ақпаратқа ашық қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында IAAR сайтында орналастырылған: <http://iaar.kz/en/about/iaar-reports/analytical-reports>

Осылайша, Агенттіктің бизнес-процестеріне жүйелі талдау жүргізу, негізгі стейкхолдерлермен тұрақты кері байланысты қолдау, оның тетіктерін жетілдіру, өз қызметі туралы ашық және анық ақпарат беру IAAR-ға халықаралық аккредиттеу агенттігі ретінде өз қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **3. Білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың халықаралық білім беру кеңістігінде танылуын арттыру мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында рейтингтік зерттеулер жүргізу**

#### **3.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы рейтингтік зерттеулердің сапасын арттыру мен шеңберін кеңейтуді қамтамасыз ету**

IAAR қызметінің жетекші бағыттарының бірі рейтингтік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу болып табылады. IAAR Жарғысына сәйкес рейтингтік зерттеулер аккредиттеу процесінен тәуелсіз жүргізіледі және оның нәтижелеріне әсер етпейді, БҰ мен ББ-ны ранжирлеу әдіснамасына сәйкес іске асырылады (<https://iaar.agency/rating/1/0/2020>).

IAAR жыл сайын жүргізетін рейтингтік зерттеулер халықаралық стандарттарға бағдарланған және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін дамытуға бағытталған. IAAR рейтингтік зерттеулерді Қазақстан Республикасында 2014 жылдан бастап, Қырғыз Республикасында 2018 жылдан бастап және халықаралық IAAR EUR рейтингін 2020 жылдан бастап жүргізеді. IAAR рейтингтік жүйесі 2020 жылы әдіснаманың Берлин қағидаттарына сәйкестігінің растамасын және «IREG Approved» танылуын алды (<https://ireg-observatory.org/en/initiatives/ranking-seal-of-approval/>).

Еуропалық танылуы бар бірегей цифрлық технология ББ Рейтингін ғана емес, ЖОО-лардың Бас Рейтингін де қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл академиялық қауымдастық пен ЖОО-лар тарапынан IAAR Рейтингтеріне деген сенім туғызады.

2024 жылы 2023 жылдағы рейтингтер жүргізу қиындықтары сақталды: рейтингтерге қатысушылар санының азаюы, бұл ҒЖБМ ҚР Рейтингін енгізумен, сондай-ақ Ресей мен Украина арасындағы әскери-саяси қақтығысқа байланысты Халықаралық рейтингтегі РФ мен Украина ЖОО-ларының жалпы санының азаюымен, сондай-ақ ЖОО-лардың басқа әлемдік рейтингтерге бағдарлануымен байланысты.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) 2014 жылдан бастап **«Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингін»** жүргізеді, ол Қазақстандағы ең сенімді, объективті және уақыт сынынан өткен рейтингтердің біріне айналды. IAAR Рейтингі білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді, жұртшылықты білім беру сапасына сәйкестігі туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

2024 жылы IAAR **IREG** (Observatory on Academic Ranking and Excellence) аудитінен сәтті өтті, ол «IREG-Approved» жоғары Сапа белгісін пайдалану құқығын береді және IAAR Рейтингі әдіснамасының әлемдік ранжирлеу стандарттарына сәйкестігін растады. Аудиттен өту үшін IREG Атқару кеңесіне

IAAR-дың жоғары оқу орындарын ранжирлеу саласындағы қызметі туралы есеп берілді. IREG сарапшылары — Krystian Szadkowski, Habib Fardoun сапары 2024 жылдың қазанында өтті. 2024 жылдың желтоқсанында IREG Комитетінен IAAR-дың аудиттен сәтті өткені және «IREG-Approved» Сапа белгісін пайдалану құқығын келесі 5 жылға, 2029 жылға дейін ұзарту туралы хат алынды.

IAAR әрбір ББ-ның төрт негізгі мониторинг критерийіне негізделген және ЖОО-ларға деректерді өз бетінше енгізуге мүмкіндік беретін цифрлық ранжирлеу платформасында ЖОО-ларды бағалаудың меншікті әдістемесін жасады, бұл ЖОО-ларды бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін көрсетеді. Бұл жыл сайынғы іс-шара Қазақстан университеттеріндегі білім беру сапасын қорытынды бағалау болып табылады және болашақ студенттер үшін мамандықты таңдау, сондай-ақ жұмыс берушілер үшін жас мамандарды жалдау үшін маңызды құрал болып табылады. IAAR Рейтингі түлектерді даярлау деңгейін бағалауға және ең сұранысқа ие мамандықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

**ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2024** университеттер үшін білім беру сапасын тұрақты жетілдіру мен арттыруға ынталандыру болып табылады және оқу орындары арасындағы бәсекелестікке ықпал етеді, оларды үздік нәтижелерге қол жеткізуге ынталандырады.

Биылғы жылы ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингіне көппрофильді, техникалық, гуманитарлық-экономикалық, медициналық және педагогикалық бағыттағы ЖОО-лар қатысты. Сондай-ақ Рейтингке өнер ЖОО-лары да қатысты, бұл білім беру ұйымдарын жан-жақты бағалауға деген өсіп келе жатқан қызығушылықты көрсетеді.

2024 жылы ҚР ЖОО-ларының Рейтингінде бағаланатын ББ саны **1650-ге** дейін өсті. Жүлделі орындар саны бойынша көшбасшы күтілгендей әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті болды — университет сондай-ақ «ТОП-20 ҚР ЖОО-лары» үштігін бастап, **337374** балл жинады. ҚР үздік ЖОО-

ларының бестігіне кірді: Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (287460 балл), С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (134352 балл), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (114205 балл), Алматы технологиялық университеті (73891 балл).

IAAR Рейтингі нәтижелерін талдау өткен жылмен салыстырғанда Халықаралық студенттік олимпиадалар жүлдегерлерінің саны бойынша **14%-ға** оң өсу динамикасы байқалғанын көрсетті. ЖОО ПОҚ-тың жарияланымдық белсенділігі өткен жылмен салыстырғанда **9%-ға** өсті және т.б. «Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2024» нәтижелері туралы толық ақпарат [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) сайтында жарияланды.

IAAR түлектерге, академиялық қауымдастыққа, ата-аналарға және басқа да мүдделі тұлғаларға ұсынады:

3. Қазақстан Республикасы ЖОО-ларының Бас Рейтингі «ТОП-20» – 2024.
4. ҚР ЖОО-ларының бакалавриаттың ББ-лары бойынша Институционалдық Рейтингі – 2024.
5. ЖОО-лардың магистратураның ББ салалары бойынша Институционалдық Рейтингі – 2024.
6. ЖОО-лардың докторантураның ББ-лары бойынша Институционалдық Рейтингі – 2024.
7. ҚР ЖОО-ларының бакалавриаттың ББ-лары бойынша Рейтингі.
8. ҚР ЖОО-ларының магистратураның ББ-лары бойынша Рейтингі.
9. ҚР ЖОО-ларының докторантураның ББ-лары бойынша Рейтингі.
10. Қазақстан Республикасы ПОҚ-тың Бас Рейтингі «Топ-50».

ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2024 білім беру сапасының ғана емес, болашақ мамандықты айқындау құралының да маңызды индикаторы болды. Бұл рейтинг талапкерлерге әрбір ЖОО-ның артықшылықтарын бағалауға және өзіне ең қолайлы білім беру мекемесін

таңдауға мүмкіндік береді. Осылайша, ҚР ЖОО-ларының сұранысқа ие болуының тәуелсіз рейтингі – 2024 елдегі білім беру сапасын арттыруға және тұтастай экономика мен қоғамды дамыту үшін қажетті жоғары білікті мамандарды қалыптастыруға ықпал етеді.

IAAR Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының рейтингін 7 жыл қатарынан жүргізеді. Жыл сайын жүргізілетін **Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі** Берлиндік ранжирлеу қағидастары мен халықаралық сапа стандарттарына сәйкес цифрлық платформада жүргізіледі. 2024 жылы IAAR ауқымды зерттеу жүргізді, оның нәтижесінде келесі критерийлерге сәйкес төрт негізгі топқа біріктірілген 15 индикатор бойынша бағаланған елдің үздік ББ-лары айқындалды: дарынды студенттер, ПОҚ және зерттеушілердің жоғары шоғырлануы, академиялық ұтқырлық, түлектердің бәсекеге қабілеттілігі, жарияланымдық белсенділік.

**Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2024** мамандарды даярлаудың барлық бағыттары бойынша ранжирлеу жүргізілді. Ранжирленетін ББ саны бойынша көшбасшылар үштігіне Ош мемлекеттік университеті, Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті және М. Адышев атындағы Ош технологиялық университеті кірді.

«Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының ТОП-30 ПОҚ» рейтингінің есеп әдіснамасы Scopus және Web of Science рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің библиографиялық және реферативтік деректер базаларының деректеріне негізделген.

Қырғыз Республикасы ЖОО-ларының тәуелсіз рейтингі – 2024 қорытындысы оқу орындарының білім беру сапасы мен қызметін кешенді бағалауды көрсетеді. Бағалау нәтижесінде білім беру сапасы, бағдарламалардың инновациялығы, ғылыми зерттеулер, сондай-ақ бизнес-сектормен және жұмыс берушілермен өзара әрекеттестік сияқты негізгі критерийлер бойынша жоғары көрсеткіштер көрсеткен үздік ЖОО-лар айқындалды.

2020 жылдан бастап Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) Еуразиялық кеңістіктің үздік жоғары оқу орындарының Халықаралық Рейтингі нәтижелерін жариялайды. IAAR осы Рейтингтің әдіснамасын әзірледі, ол IREG (Observatory on Academic Ranking and Excellence) халықаралық ранжирлеу стандарттарына негізделген.

IAAR — Қазақстандағы алғашқы және әлемдегі бесінші ұйым, оның әдіснамасы Академиялық ранжирлеу жөніндегі халықаралық обсерватория — IREG аудитінен сәтті өтіп, «IREG Approved/IREG мақұлдаған» жоғары Сапа белгісін алды, бұл IAAR Халықаралық ЖОО Рейтингінің әлемдік стандарттарға толық сәйкес келетінін және ЖОО-ларды сапаға бағдарлайтынын білдіреді.

«IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» халықаралық Рейтингі ЖОО-лардың беделі мен абыройын арттыруға, халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктерін кеңейтуге және білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелік артықшылықтарға, дарынды талапкерлер мен шетелдік студенттерді тартуға мүмкіндік береді. «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)» халықаралық Рейтингі ашықтық, қолжетімділік, тексерілу, объективтілік қағидаттарына негізделген, бұл сенім туғызады.

Рейтинг әдіснамасын IAAR цифрлық платформа негізінде әзірледі және ЖОО қызметін ЖОО-лардың өзі ұсынған деректер бойынша да, сараптамалық бағалау негізінде де қамтиды. Академиялық көрсеткіштер **70%-ды** құрайды, оның ішінде ғылыми әлеует, ал **30%-ы** жоғары білім саласындағы халықаралық сарапшылардың ЖОО-ларды беделдік бағалауына, жұмыс берушілердің сараптамалық пікіріне тиесілі. 2020 жылдан бастап халықаралық Рейтингке Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Молдова, Украина, Беларусь, Әзербайжан сияқты елдердің ЖОО-лары қатысты.

2024 жылы Халықаралық Рейтингке Орталық Азия мен Еуропа ЖОО-лары белсенді қатысты, бұл «IAAR Eurasian University Ranking (IAAR-EUR)»

халықаралық Рейтингінің академиялық қауымдастықтағы беделі мен танымалдылығын айғақтайды.

IAAR Рейтингтерінің нәтижелері [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) және ЖОО сайттарында жарияланды. Сондай-ақ Рейтинг қорытындысы «Education Quality. Assurance» журналында орналастырылды.

#### **4. Ашықтық пен дәйектілік қағидаттарын іске асыру негізінде білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы қоғамды уақытылы хабардар ету және кері байланысты дамыту**

##### **4.1 Білім беру бағдарламалары мен білім беру және ғылым ұйымдары қызметінің сапасын бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету деңгейін арттыру**

БҰ/ББ сыртқы бағалау нәтижелері туралы жұртшылықты хабардар ету мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі: IAAR сайтында СЭЖ есептері мен АҚ шешімдерін жариялау; семинарлар, семинар-тренингтер, онлайн-конференциялар, «дөңгелек үстелдер» және сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы Орталық Азия форумын өткізу; диалогтық алаңдар мен ЖОО-ларға қатысу; халықаралық желілер мен шетелдік серіктестер өткізетін конференциялар мен форумдарға қатысу; IAAR-дың сыртқы бағалауының тиімділігі туралы материалдарды «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналында жариялау; БАҚ-та, ғылыми басылымдарда сөз сөйлеу, сұхбат беру және жариялау; IAAR сайтында ақпарат пен жаңалықтар лентасын жариялау.

IAAR қоғамды хабардар ету мүддесінде сайтта Агенттік қызметінің барлық негізгі бағыттары, нормативтік құжаттардағы, сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесіндегі өзгерістер және т.б. туралы ақпаратты орналастырады. Тұрақты негізде аккредиттелген БҰ/ББ тіркелімін толықтыру, өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты сайтта орналастыру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы аккредиттеу рәсімі бойынша ақпаратты

жаңарту жұмысы жүргізіледі. IAAR қызметінің нәтижелері аккредиттеудің барлық процестері мен рәсімдерін қамтитын жыл сайынғы аналитикалық есептерде де көрсетіледі. Барлық мүдделі тараптарды институционалдық және бағдарламалық аккредиттеудің жаңартылған стандарттары мен басшылықтарының күшіне енгізілгені туралы Агенттік сайты, ақпараттық хаттар тарату және басқа да хабардар ету арналары арқылы тұрақты негізде хабардар ету жүзеге асырылады. IAAR-дың халықаралық аккредиттеу мен рейтингтер жүргізу жөніндегі қызметі туралы ақпарат әлеуметтік желілерде, ұлттық және шетелдік БАҚ-та, мемлекеттік билік органдарының, ҚР мен шетел мемлекеттері университеттерінің, халықаралық ұйымдардың ресми ресурстарында көрсетіледі, бұл олардың Агенттік қызметіне деген сенімін, оның жоғары беделі мен Қазақстанда да, шетелде де танылуын айғақтайды.

«Сыртқы сараптама комиссиясының жұмыс қорытындысы мен Аккредиттеу кеңесі отырыстарының нәтижелері туралы Агенттік сайты арқылы тұрақты хабардар ету» міндетін іске асыру шеңберінде 2024 жылы IAAR өкілдерінің қатысуымен өткен шетелдік іс-шаралар туралы ақпаратты, IAAR сайты үшін шетелдік серіктестер туралы және IAAR-дың халықаралық жобаларға, оның ішінде Erasmus+ бағдарламасы бойынша жобаларға қатысуы туралы ақпаратты жариялау қамтамасыз етілді.

IAAR сайтында отандық және шетелдік БҰ-лардың халықаралық аккредиттеуінің нәтижелері туралы ақпарат, СЭК есептері, СЭК мүшелерінің тізімі және IAAR Тіркелімі үшін басқа да құжаттар тұрақты орналастырылды. Барлық есептер мен материалдар 2024 жылы БҰ аккредиттеу нәтижелері бойынша DEQAR базасына жүктелді.

2024 жылы халықаралық желілер мен серіктестердің анонстарына тұрақты мониторинг жүргізілді. Серіктестердің Newsletters мониторингі жүзеге асырылды және дайындалған материалдар, оның ішінде INQAANE Bulletin, Newsletter CEENQA, APQN Newsletter басылымдарында жарияланды.

2024 жыл ішінде [www.iaar.agency](http://www.iaar.agency) сайты қолдау мен жетілдіру және оны Еуропалық DEQAR базасымен, Азия-Тынық мұхиты DAQAR базасымен интеграциялау бойынша жұмыс жүргізілді.

**«Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналы.** Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы үздік отандық және әлемдік тәжірибені жариялау мақсатында IAAR 2021 жылдан бастап РИНЦ базасына енгізілген «Education. Quality Assurance» ғылыми-ақпараттық журналын шығарады. Журнал білім беру сапасын арттырудағы заманауи тәсілдер мен әлемдік трендтерді талқылау, халықаралық агенттіктер мен желілердің шетелдік өкілдерімен сұхбаттасу, білім берудің ұлттық жүйелерін дамытудың негізгі тенденциялары мен шетел елдерінің үздік тәжірибесі туралы өзекті мақалаларды жариялау үшін тиімді алаң ретінде қызмет етеді. Журналдың кезеңділігі — жылына 4 рет, журналдағы мақалалар 3 тілде (қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде) жарияланады. Журнал ҚР-да ғана емес, шетелде де таратылады. «Education. Quality Assurance» журналының жеке сайты бар: <http://iaar-education.kz>, онда журналдар электрондық форматта еркін қолжетімде орналастырылған.

Журнал 2024 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынған басылымдар Тізбесіне енгізілді (2024 жылғы 12.07. № 603 бұйрыққа сәйкес). 2024 жылы журнал сондай-ақ Тәжікстан Республикасы Президенті жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясы (ЖАК) ұсынған басылымдар Тізбесіне енгізілді.

2024 жыл ішінде IAAR шығаратын «Education. Quality Assurance» журналының 4 нөмірі шығарылды. Журналда 39 мақала жарияланды. Журналдағы мақалалардың жалпы санынан 25 қазақстандық авторлармен, 4 — шетелдік және 10 — бірлесіп жарияланды. Шетелдік авторлардың мақалалары: Ресейден — 2, Тәжікстаннан — 1, Өзбекстаннан — 1.

Қазақстандық және шетелдік авторлардың бірлескен мақалалары: Испаниямен — 1, Қытаймен — 1, Чехиямен — 2, Словениямен — 1, Болгариямен — 1, Латвиямен — 1, Қырғызстанмен — 1 және Өзбекстанмен — 3.

Жыл ішінде «Education. QA» журналының сайты модификациялау және толтыру бойынша жұмыс жүргізілді. Маусымда журналдың электрондық нұсқасы үшін халықаралық стандартты сериялық ISSN нөмірі алынды.

2024 жылдың басында «Қазпошта» АҚ, «Express Press Astana» ЖШС және «Эврика-Пресс» ЖШС-мен журналды тарату туралы шарт ұзартылды. Жыл ішінде БҰ-ға журналға жазылу туралы хаттар жіберілді.

2024 жылы Ғылыми электрондық кітапханамен (ҒЭК) жасалған шартқа сәйкес [www.elibrary.ru](http://www.elibrary.ru) сайтында «Ғылыми дәйексөздеудің ресейлік индексі» (РИНЦ) мамандандырылған ақпараттық жүйесінде «Education. Quality Assurance» журналының есепті жылдағы барлық шығарылымдары орналастырылды. «Plagiat.pl.» ЖШҚ-мен журнал материалдарын плагиатқа тексеру туралы шарт ұзартылды.

Ақпараттық өзара әрекеттестікті кеңейту шеңберінде IAAR БАҚ-пен белсенді жұмыс істейді және ақпараттық ынтымақтастыққа маңызды рөл бөледі. Жұртшылыққа IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы жан-жақты, дәйекті және өзекті ақпарат беру және аккредиттеудің әлеуметтік маңыздылығын арттыру бағытында қоғамдық пікір қалыптастыруға жәрдемдесу мақсатында IAAR қызметкерлері шетелдік журналдарда, газеттерде және республикалық маңызы бар басылымдарда материалдар жариялайды, сондай-ақ Қазақстанда да, шетелде де сұхбат беріп, ұлттық телеарналарда сөз сөйлейді.

2024 жылы вебинарлар, семинарлар, workshop, конференциялар мен форумдар ұйымдастыру арқылы агенттіктің білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің нәтижелері мен маңыздылығына жұртшылық назарын кеңінен аудару бойынша жұмыс жүргізілді, олар туралы ақпарат IAAR сайтында жаңалықтар лентасында жарияланады.

Агенттік қызметінде маңызды орынды сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жыл сайынғы Форумды өткізу алады. 2024 жылғы 4 қазанда Astana IT-University базасында **«Білім беру сапасын арттыру — ақпараттық кеңістіктегі ЖОО-лардың стратегиялық даму феномені» VIII Орталық Азия халықаралық білім беру сапасын қамтамасыз ету форумы** өтті. Халықаралық Форумның ашылуында IAAR Бас директоры Жұмағұлова А.Б. сөз сөйлеп, Агенттіктің қызмет нәтижелері, Азия, Еуропа және Америка елдеріндегі сапаны қамтамасыз ету жүйесін дамытудың заманауи трендтері мен болашағы туралы айтып берді. Форум жұмысына Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (ENQA) Президенті Дуглас Блэксток және Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық Тіркелімнің (EQAR) Президенті Стефан Ловик, мемлекеттік органдардың, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің өкілдері, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Әзербайжан, Франция, Ұлыбритания, Гонконг, Түркия, Молдова, Армения, Латвияның жоғары оқу орындарының басшылары қатысты.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі А.Ш. Альназарова құттықтау сөз сөйлеп, медициналық білім беру сапасын жақсартудағы IAAR-дың үлкен ролін атап өтті. ҒЖБМ ҚР Вице-министрі Д.Ж. Ахмед-Заки IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз етудегі ерекше ролін және цифрлық өзгерістер жағдайында аккредиттеудің маңыздылығын арттыруды атап өтті. Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының Президенті, «Қазақстандық ректорлар одағы» РҚБ Президенті Б.Т. Жұмағұлов Қазақстанда жоғары білім сапасын қамтамасыз ету тетігінің қалыптасу кезеңдерін атап өтті.

Халықаралық Форум шеңберінде жоғары білім сапасын арттырудың өзекті мәселелері бойынша жемісті тәжірибе алмасу жүзеге асырылды, ол білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер векторын айқындауға және Орталық Азия мен Еуропа елдеріндегі білім беру сапасын арттыру жолдарын белгілеуге

мүмкіндік берді. Панельдік дискуссияларда білім беру сапасын арттыру, сапаны сыртқы және ішкі бағалау, интернационализацияны кеңейтудің заманауи тетіктері, бірлескен бағдарламаларды енгізу және әріптестікті дамыту, жасанды интеллектінің білім беру жүйесі архитектурасының дамуына әсері, оның артықшылықтары мен болашағы талқыланды. Медициналық білім беру сапасын қамтамасыз етуге, ғылым мен практиканы интеграциялауға, симуляциялық оқыту технологияларын енгізуге, сондай-ақ медициналық кадрларды даярлау деңгейін арттыруға ерекше назар аударылды. Халықаралық Форумды өткізу цифрлық трансформация жағдайында тиімді білім беру жүйесін құру жөніндегі үздік тәжірибемен жыл сайын алмасуға, заманның өзекті сын-қатерлерін талқылауға және Азия мен Еуропа елдерінің ЖОО-ларында білім беру сапасын арттыру жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

## **5. IAAR — танылған халықаралық аккредиттеу агенттігі**

2022–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясында белгіленген IAAR миссиясы мен пайымын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі IAAR-ды ұлттық, еуропалық және халықаралық деңгейлерде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі сенімді серіктес ретінде тану болып табылады. Бұл стратегиялық міндет IAAR-дың халықаралық алаңдағы белсенді ұстанымы, еуропалық сапа стандарттарына адалдығы, үздік шетелдік тәжірибені зерделеу мен енгізу арқылы іске асырылады. IAAR-дың халықаралық танылуының маңызды растамасы Агенттіктің 2024 жылы Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (ENQA) постмониторингінен сәтті өтуі болып табылады.

### **5.1 IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайту және кеңейту**

2024 жылы IAAR қызметінің маңызды басым бағыты сенімді халықаралық сапаны қамтамасыз ету органы болып қалуға ұмтылысты қолдай отырып, халықаралық ынтымақтастықты және Агенттіктің халықаралық

желілердегі өкілдігін кеңейту болды. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілерге мүшелікті қолдау жөніндегі жұмысқа ерекше назар аударылды:

- Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастық (ENQA) — IAAR 2016 жылдан бері толық мүше;
- Жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің халықаралық желісі (INQAANE) — IAAR 2015 жылдан бері толық мүше;
- АҚШ-тың Жоғары білімді аккредиттеу кеңесінің Халықаралық сапа тобы (CIQG) — IAAR 2015 жылдан бері толық мүше;
- Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің желісі (CEENQA) — IAAR 2016 жылдан бері толық мүше;
- Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Азия-Тынық мұхиты желісі (APQN) — IAAR 2017 жылдан бері толық мүше;
- Ислам әлемі елдерінің білім беру сапасына кепілдік беру агенттіктерінің қауымдастығы (AQAAIW) — IAAR 2012 жылдан бері толық мүше;
- Академиялық ранжирлеу және үздіктік жөніндегі халықаралық обсерватория (IREG) — IAAR 2015 жылдан бері толық мүше.

Агенттік әлемнің **18** елінен **36** серіктес ұйыммен қол қойылған ынтымақтастық туралы келісімдерге (меморандумдарға) сәйкес жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету жөніндегі танылған әлемдік агенттіктермен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту бойынша мақсатты жұмыс жүргізді. 2024 жыл ішінде қол қойылған келісімдер шеңберінде қажеттілігіне қарай ақпарат алмасу, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі өзекті материалдармен алмасу, желі іс-шараларына қатысу, мүшелік жарналардың уақытылы төленуін бақылау, желілермен өзара әрекеттестік жөніндегі барлық пошталық хат-хабарларға мониторинг жүргізілді. Атап айтқанда,

серіктестердің Newsletters-іне мониторинг жүзеге асырылды; материалдар Newsletter — Bulletin YOKAK; INQAANE Bulletin, CEENQA, APQN Newsletter басылымдарында жарияланды, сондай-ақ халықаралық желілер мен серіктестердің анонстарына тұрақты мониторинг, әртүрлі елдер университеттеріне серіктестік хаттарды жіберу және т.б. жүзеге асырылды.

Еуропалық деңгейде танылған аккредиттеу агенттіктері, сондай-ақ халықаралық аккредиттеуден сәтті өткен ЖОО-лар туралы әлемдік жұртшылықты кеңінен хабардар ету мақсатында DEQAR жобасы құрылды және дамуда. DEQAR Еуропалық тіркелімі еуропалық деңгейде танылған сапаны қамтамасыз ету агенттіктері аккредиттеген ББ мен БҰ-лардың тіркелімі болып табылады. ББ мен БҰ-ны DEQAR-ға енгізу олардың ESG сапаны қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін растайды және аккредиттелген ББ-ларды ЕЖБК аумағында тану үшін негіз болып табылады. DEQAR CONNECT Conference туралы толығырақ: <https://www.eqar.eu/about/projects/deqar-connect/conference/agenda/>. IAAR 2020 жылдан бастап DEQAR CONNECT жобасының қатысушысы болып табылады. IAAR аккредиттеген барлық БҰ мен ББ Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тіркелімнің (EQAR) DEQAR деректер базасына енгізіледі.

IAAR-дың 2024 жылға арналған Даму стратегиясының маңызды міндеттерінің бірі **ENQA постмониторингінен (follow-up)** өту болды. ENQA сарапшыларының ұсынымын орындау жөніндегі бекітілген іс-шаралар Жоспарына сәйкес кейінгі рәсімдер шеңберінде IAAR-дың постмониторинг бойынша есебін дайындау жұмысы жүргізілді. ENQA сарапшыларының ұсынымдарын орындау бойынша дайындалған қорытынды есеп ағылшын тілінде ENQA хатшылығына жіберілді. Кейінгі рәсімдер шеңберіндегі ENQA сарапшыларының сапары 2024 жылдың маусымында өтті. 2024 жылғы 17 маусымда ENQA сарапшыларымен кездесуде IAAR бас директоры Жұмағұлова А.Б. ENQA 2021 жылғы аудитінен кейінгі Агенттіктегі негізгі

өзгерістер және оның миссиясын жүзеге асыру мен стратегиялық міндеттерін орындаудағы даму басымдықтары туралы айтып берді. ENQA халықаралық сарапшыларымен — Patric Van den Bosch және Nuria Comet Senal — кездесу барысында Агенттіктің мүмкіндіктері мен одан әрі стратегиялық даму бағыттары туралы белсенді диалог өтті. ENQA сарапшылары IAAR қызметін жоғары бағалап, Агенттіктің білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы мен дамуының оң өсуін атап өтті.

2024 жылы IAAR Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тіркеліміне (EQAR) елеулі өзгерістер туралы есеп дайындады. IAAR цифрлық білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету жөніндегі екі жаңа қызмет түрін енгізді: Цифрлық білім беру саласындағы халықаралық институционалдық аккредиттеу (бастапқыны қоса алғанда) және Цифрлық білім беру саласындағы халықаралық бағдарламалық аккредиттеу (бастапқыны қоса алғанда), сондай-ақ бірлескен ББ-ны аккредиттеу бағыты. Бұл жаңа бағыттарды EQAR қарап, бекітті.

WFME танылуына ие ТМД елдерінен шыққан алғашқы ұйым ретінде IAAR 2024 жылы халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық ұйымдар мен ББ-ларды халықаралық аккредиттеу жүргізу құқығын белсенді іске асырды. WFME талаптарына сәйкес IAAR 2024 жылы 2023 жыл үшін орындау туралы IAAR жыл сайынғы есебін, сондай-ақ WFME Президенті үшін 2023 жылы медициналық БҰ-ны аккредиттеу қорытындысы туралы ақпаратты дайындап, жіберді.

2024 жылы 15–17 қазан кезеңінде IAAR IREG Observatory on Academic Ranking and Excellence аудитінен сәтті өтті, ол «IREG-Approved» сапа белгісін пайдалану құқығын беріп, IAAR рейтингі әдіснамасының әлемдік стандарттарға сәйкестігін растады. Аудиттен өту үшін IREG Атқару кеңесіне IAAR-дың жоғары оқу орындарын ранжирлеу саласындағы қызметі туралы есеп берілді. IREG сарапшылары — Krystian Szadkowski, Habib Fardoun —

сапары 2024 жылдың қазанында өтті, ал желтоқсанда IAAR IREG Комитетінен 2029 жылға дейін аудиттен сәтті өтуі туралы ақпарат алды.

2024 жылы IAAR стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге сәйкес шетелдік серіктестермен белсенді ынтымақтасты:

- Сомали, Белиз және Барбадос үшін ВФМО танылу мәртебесін алу. ВФМО осы шешімдері туралы негізгі стейкхолдерлерге, оның ішінде IAAR сайтындағы жарияланымдар арқылы хабарланды;
- Барбадос Білім беру, технологиялық және кәсіптік даярлық министрлігімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды;
- 2023 жылғы желтоқсанда Гонконгтың академиялық және кәсіби біліктіліктерді аккредиттеу жөніндегі кеңесімен (HKCAAVQ) ынтымақтастық мәселелері бойынша басталған келіссөз процесі 2024 жылы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қоюмен өз жалғасын тапты;
- IAAR-дың Химия бойынша Еуропалық тақырыптық желілер қауымдастығына (ECTN) мүшелігін алу және белгілерді тағайындау болашағы бойынша жұмыс жалғастырылды.

IAAR басшылығы мен қызметкерлері еуропалық және халықаралық желілер мен серіктестер өткізетін іс-шараларға белсенді қатысты. IAAR Еуропа, Азия және Америка мемлекеттерінің Білім беру министрліктері, қоғамдық бірлестіктер мен ЖОО-лары өткізетін білім беруде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі түрлі деңгейдегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып табылады.

IAAR Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және т.б. Уәкілетті органдарға жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда жүйелі қолдау көрсетеді, Болон процесі мен ESG қағидаттарына сәйкес жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің ұлттық жүйесін құру мәселелері бойынша презентациялар, семинарлар мен консультациялар жүргізеді.

Осылайша, IAAR-дың 2024 жылғы халықаралық қызметі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі сенімді серіктес ретінде халықаралық деңгейде, оның ішінде халықаралық желілермен және шетелдік агенттіктермен ынтымақтастық пен әріптестікті кеңейту, білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық іс-шараларға белсенді қатысу, тәжірибе мен үздік тәжірибемен алмасу және т.б. арқылы жүзеге асырылды, бұл IAAR-дың халықаралық танылуы мен беделін нығайтуға және кеңейтуге ықпал етті.

## **5.2 Халықаралық қызметтің сапасын арттыру және IAAR жетістіктерін мазмұнды бекіту**

Халықаралық позицияларды бекіту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Агенттік қызметкерлері 2024 жылы халықаралық желілер мен серіктестердің түрлі іс-шараларына, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің алқалы басқару органдарының жұмысына, білім беру мен ғылымды дамыту мәселелері бойынша түрлі халықаралық жобаларға және т.б. белсенді қатысты. 2024 жылы IAAR қызметкерлері форумдар, конференциялар, семинарлар сияқты түрлі халықаралық іс-шараларға қатысты, оның ішінде:

- 2024 жылғы 19 ақпанда Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы (WFME) ұйымдастырған трансшекаралық аккредиттеу жөніндегі виртуалдық Дөңгелек үстелдің жұмысы;
- 2024 жылғы 13 наурызда E-Quadrat Science & Education ұйымдастырған Beyond Rankings: A Strategy of Healthy Growth or Pursuing Numbers вебинары;
- 2024 жылғы 17–19 сәуірде Ганновер қаласындағы (Германия) ENQA мүшелерінің Форумы;
- 2024 жылғы 25–26 сәуірде Түркияның жоғары білім сапасы жөніндегі кеңесі (THEQC) ұйымдастырған және Анкара Хаджы Байрам Вели

университетінің қолдауымен өткен Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық конференция;

- 2024 жылғы 17–18 мамырда Баку қаласындағы (Әзербайжан) CEENQA Бас Ассамблеясы;
- 2024 жылғы 12 маусымдағы INQAAHE Бас Ассамблеясының жұмысы;
- 2024 жылғы 12 маусымда Ислам әлемі сапаны қамтамасыз ету агенттіктерінің қауымдастығы (IQA) және Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі араб желісі (ANQANE) ұйымдастырған «Оқыту мен оқытудағы жасанды интеллект» халықаралық вебинары;
- 2024 жылғы 26–29 қыркүйекте Санкт-Петербург қаласында (Ресей) өткен APQN халықаралық конференциясы және т.б.

APQN, INQAAHE, WFME, IREG, ENQA, CEENQA сапаны қамтамасыз ету жөніндегі желілер ұйымдастырған халықаралық іс-шараларға IAAR қызметкерлерінің қатысуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Ганновердегі ENQA мүшелерінің Форумы 2024-ке бас директор А. Жұмағұлова қатысты. Германиялық Бағалау және аккредиттеудің орталық агенттігімен (ZEvA) ынтымақтаса ұйымдастырылған ENQA мүшелерінің Форумы 2024 жылдың 17–19 сәуірінде өтті, онда «ЕЖБК-дағы сапаны қамтамасыз ету саясатының тенденциялары», «Трансұлттық білім беру сапасын қамтамасыз ету», «Аккредиттеу агенттіктерінің кейінгі рәсімдерге (постмониторинг) тәсілдері», «Микро-біліктіліктер сапасын қамтамасыз ету», «Сапаны қамтамасыз етудегі жасанды интеллекттің рөлі» және т.б. өзекті мәселелер белсенді талқыланды.

2024 жылғы 25–26 сәуірде IAAR Бас директоры Жұмағұлова А.Б. Анкара Хаджы Байрам Вели университетінің қолдауымен Түркияның жоғары білім сапасы жөніндегі кеңесі (THEQC) ұйымдастырған Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу жөніндегі халықаралық конференцияның жұмысына қатысып, IAAR-дың сапаны қамтамасыз ету бойынша тәжірибесімен бөлісті.

2024 жылғы 17–18 мамырда Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) CEENQA Бас Ассамблеясының отырысы өтті, оған IAAR Бас директоры — Жұмағұлова А.Б. және кеңесші Яновская О.А. қатысты. Іс-шара шеңберінде жоғары білімнің даму тенденциялары мен трансшекаралық аккредиттеудің маңызы талқыланды.

2024 жылғы 18 наурызда ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы комиссиясының отырысы өтті, оған Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Бас директоры Жұмағұлова А.Б. қатысты. Комиссия отырысында ТМД елдерінің жоғары оқу орындарының сапасын қамтамасыз ету моделі ұсынылды, сондай-ақ жоғары білім сапасын қамтамасыз ету бойынша жалпы тәсілдерді әзірлеу мәселелері талқыланды. Отырысқа Кеңес мүшелері және Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және т.б. өкілдері қатысты.

Даму стратегиясының 5.2-міндетін іске асыру шеңберінде Агенттік IAAR өкілдерінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің (ENQA, INQAANE, APQN, CEENQA және т.б.) алқалы басқару органдарына қатысуына назар аударды. IAAR-дың имиджі мен беделінің өсуін халықаралық ынтымақтастық жөніндегі бас директордың орынбасары Қанапьянов Т.Е.-нің 2024 жылы APQN Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі қызметі айғақтайды, ол AAC & AGM 2024 (Санкт-Петербург, 2024 жылғы 26–29 қыркүйек) ұйымдастыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Төрағасы ретінде APQN Директорлар кеңесіне қайта сайланды.

2024 жылғы 12 маусымда IAAR-дың бас директорының орынбасары Қанапьянов Т.Е. INQAANE Бас Ассамблеясының жұмысына (онлайн) қатысты, онда жоғары білімдегі жаһандық тенденциялардың негізгі мәселелері талқыланды: халықаралық сапа стандарттары, білім беру процестеріне жасанды интеллектіні енгізу және оқу бағдарламаларын цифрландыру. Бұл Қазақстанның жоғары білім сапасын қамтамасыз етудің халықаралық жүйесін қалыптастырудағы белсенді рөлін растайды.

*IAAR-дың білім беру мен ғылымды дамыту мәселелері бойынша түрлі халықаралық жобаларға қатысуы.* IAAR халықаралық жобаларға белсенді қатысады. Мысалы, 2022 жылдың аяғынан бастап іске асырылатын GIZ № 20.2212.7-002.00 «Орталық Азиядағы экономикалық өсу секторлары үшін кәсіптік білім беру» (PECA) жобасы 2022–2024 жылдары серіктес университеттерде тамақ технологиялары саласындағы ББ-ларды халықаралық бағдарламалық аккредиттеу қызметін орындауға бағытталған (И. Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті (ҚМТУ); К.И. Скрябин атындағы Қырғыз ұлттық аграрлық университеті (ҚҰАУ); Тәжікстан технологиялық университеті (ТТУ); академик М.С. Осими атындағы Тәжік техникалық университетінің Политехникалық институты (ПИ ТТУ)).

IAAR қорытынды іс-шаралардың ұйымдастырушысы болды, Іс-шаралар Тұжырымдамасы мен кездесулер бағдарламасы әзірленді, серіктес ЖОО-лар мен GIZ кеңсесімен серіктес ЖОО-ларға жұмыс тобының сапары сияқты іс-шараларды өткізу күндері айқындалып, келісілді. Жоба бойынша IAAR жұмысының негізгі нәтижесі Тәжікстан мен Қырғызстан ЖОО-ларының ББ-ларын халықаралық аккредиттеу жүргізу және оларды EQAR (DEQAR) Аккредиттелген бағдарламалардың еуропалық тіркеліміне енгізу болып табылады.

2024 жылы Erasmus+ халықаралық бағдарламасының «Университетте оқу бағдарламаларын жетілдіру: жаһандық сын-қатерлер мен қауіптерді еңсеру үшін экономикалық қауіпсіздік аспектілерін енгізу» (SecurEc) жобалық ұсынысында серіктес ретінде қатысу үшін қажетті құжаттама дайындалды. Бұл өтінімнің үйлестірушісі ретінде Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (Орал қ.) шықты.

IAAR-дың халықаралық жобаларға қатысуы халықаралық академиялық қауымдастықпен тығыз өзара әрекеттесуге, ұлттық және шетелдік ЖОО-лармен белсенді жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл білім беру қызметтерінің

сапасын қамтамасыз етуге және халықаралық ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге оң әсер етеді.

Erasmus+ Бағдарламасының халықаралық жобаларына IAAR-дың қатысуын кеңейту мақсатында жаңа жобаларға тұрақты мониторинг жүзеге асырылады, Эрасмус+ Бағдарламасына қатысу үшін Агенттіктің ақпараты мен профилі жаңартылды (EU Login кабинеті — Еуропалық комиссияның аутентификация қызметі); барлық әлеуетті серіктестерге жіберілген PIF (Partner Identification Form) жасалды.

Осылайша, 2024 жылы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі ұжымы, оның ішінде жетекші серіктестермен — халықаралық желілермен және шетелдік аккредиттеу агенттіктерімен кең ынтымақтастық, жоғары білім сапасын қамтамасыз ету саласындағы түрлі халықаралық іс-шараларға белсенді қатысу, халықаралық зерттеулер мен жобаларды орындау арқылы халықаралық қызметтің сапасын арттыруға ұмтылды.

## Қызметтің SWOT-талдауы

SWOT-талдау стратегиялық мақсаттарды іске асыруды көрсетеді және IAAR қызметін жыл сайын жоспарлаудың негізі болып қызмет етеді (12-кесте).

### 12-кесте. SWOT-талдау

<b>S (Strength) — күшті жақтары</b>	<b>W (Weakness) — әлсіз жақтары</b>
<ul style="list-style-type: none"><li>– IAAR-дың Қазақстанда және шетелде танылуы;</li><li>– IAAR-дың сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілер мен қауымдастықтардағы толық мүшелігі;</li></ul>	<ul style="list-style-type: none"><li>– агенттік қызметкерлерінің ағылшын тілін білу деңгейінің жеткіліксіздігі;</li><li>– ағылшын тілін талап етілетін деңгейде меңгерген сарапшылар санының жеткіліксіздігі;</li></ul>

- шетелде халықаралық аккредиттеу жүргізу;
- шетелдік серіктестермен ынтымақтастық;
- IAAR стандарттарын қайта қаралған ESG және WFME стандарттарымен үйлестіру;
- Болон процесі шеңберінде стейкхолдерлермен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен ынтымақтастық;
- аккредиттелген БҰ және/немесе аккредиттелген ББ-лардың СЭЖ ұсынымдарын іске асыруға мониторинг жүргізу;
- СҚІЖ-нің (сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі) жұмыс істеуі;
- медициналық және фармацевтикалық білім беруді аккредиттеудің ұлттық жүйесін дамыту жөніндегі іс-шараларда WFME қолдауы;
- IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық Форумды жыл сайын өткізуі;

- электрондық құжат айналымы жүйесінің болмауы;
- жұмыс берушілердің кәсіби қауымдастығымен кері байланыстың олардың төмен мүдделілігіне байланысты әлсіз қамтылуы;
- ТЖКБ жөніндегі шетелдік агенттіктермен әріптестіктің жеткіліксіз дамуы.

<ul style="list-style-type: none"> <li>– IAAR-дың кәсіби ұжымы;</li> <li>– кәсіби және құзыретті сарапшылардың кең базасының болуы;</li> <li>– EQAR-да толық мүшелік мәртебесін растау;</li> <li>– IAAR EUR халықаралық рейтингін қоса алғанда, ұлттық және халықаралық деңгейде тәуелсіз рейтингтік зерттеулер жүргізу;</li> <li>– жұртшылықты тұрақты және уақытылы хабардар ету.</li> </ul>	
<p><b>О (Opportunity) — қолайлы мүмкіндіктер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– білім беру саласындағы заңнамадағы өзгерістер мен толықтырулар, бұл Қазақстан мен бірқатар шетел мемлекеттері ЖОО-ларының сапасын бағалауда жаңа мүмкіндіктер ашады;</li> <li>– IAAR-ды сапаны қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық желілердің қолдауы;</li> <li>– шетелдік ЖОО-лар тарапынан IAAR қызметіне қызығушылықтың өсуі;</li> </ul>	<p><b>T (Threat) — қауіптер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– елдегі және әлемдегі қаржы-экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы;</li> <li>– төтенше жағдайлар (эпидемиялар, техногендік сипаттағы және табиғи құбылыстардың қаупі, әскери іс-қимылдар);</li> <li>– аккредиттеу саласындағы өсіп келе жатқан бәсекелестік (оның ішінде адал емес);</li> <li>– білім беру ұйымдарының білім беру қызметінде жұмыс</li> </ul>

<ul style="list-style-type: none"> <li>– ұлттық, еуропалық және халықаралық білім беру және зерттеу ресурстарына қол жеткізу;</li> <li>– сапаны қамтамасыз ету процестерін іске асыру үшін IT-технологиялардың, ЖжЖОКБ цифрлық архитектурасы мүмкіндіктерінің болуы мен пайдаланылуы.</li> </ul>	<p>берушілердің белсенділігінің жеткіліксіздігі.</p>
--	--

SWOT-талдау күшті және әлсіз жақтардың, бар мүмкіндіктер мен қауіптердің өзара ықпалы мен әрекетін айқындауға және IAAR-дың бәсекелік позицияларын күшейтуге мүмкіндік беретін болашағы бар даму бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді және 2025 жылға арналған қызметті жоспарлаудың негізі болып қызмет етеді.

## Қорытынды

**Жетістіктер.** Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі танылған халықаралық агенттік ретінде 2024 жылы Еуропа, Азия және Американың 15 мемлекетінде ЖжЖОКБ, ТжКБ, орта білім беру (халықаралық мектептер) және қосымша білім беру сапасын сыртқы қамтамасыз ету бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізді.

IAAR тұрақты негізде аккредиттеу түрлері бойынша сыртқы бағалау әдіснамасын жаңартады, кері байланысты дамыту негізінде БҰ-ның білім беру қызметіне тұрақты мониторинг, бағалау және талдау жүргізеді; сапаны қамтамасыз ету және сапа мәдениеті саласындағы үздік тәжірибені халықаралық және ұлттық деңгейде анықтайды, жинақтайды және таратады,

жұртшылықты өз қызметі туралы жүйелі хабардар етеді, бұл жекелеген БҰ-ларда да, ұлттық жүйелерде де сапалы институционалдық өзгерістерге ықпал етеді.

2024 жылы IAAR сапаны қамтамасыз ету жөніндегі жаңа қызмет түрлерін, оның ішінде цифрлық білім беру саласында енгізді және Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі агенттіктердің еуропалық тіркеліміне (EQAR) елеулі өзгерістер туралы есеп дайындады. 2024 жылы IAAR Доминика мен Белиздегі жоғары медициналық білім беру саласындағы өз позицияларын айтарлықтай нығайтты. Есепті кезеңде бірлескен сыртқы бағалау жүргізілді: АККОРК-пен — Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің институционалдық аккредиттеуі, Кәсіби-қоғамдық аккредиттеудің ұлттық орталығымен — Орал мемлекеттік медицина университетінің резидентура/ординатура ББ-лары.

2024 жылы IAAR-дың Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық қауымдастықтың (ENQA) постмониторингінен, IREG Observatory on Academic Ranking and Excellence аудитінен сәтті өтуі, аккредиттеу қызметінің шекараларын кеңейту (алғаш рет Белизде халықаралық аккредиттеу жүргізілді), агенттік сарапшылары мен қызметкерлерінің сапалық әлеуетін нығайту IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы дамуының оң динамикасын, аккредиттеу қызметтерінің халықаралық нарығындағы беделінің өсуін айғақтайды.

Мақсатты аудиторияны — БҰ-ларды «Білімді цифрландыру, білім беруге IT-технологияларды енгізу», «ЖОО-ларда инклюзивті білім беруді дамытуды талдау және бағалау» және «Күтілетін оқу нәтижелеріне тәсілдер (learning outcomes approach)» тақырыптық талдаудың өзекті зерттеулері бойынша тиімді қамтуды қамтамасыз ету үшін Коммуникациялық Стратегияны іске асыру негізінде IAAR қызметі туралы хабардар ету кеңейтілді.

**IAAR-дың 2025 жылғы халықаралық қызметін дамыту перспективалары** IAAR-дың 2022–2026 жылдарға арналған Даму

стратегиясында айқындалған негізгі міндеттерді іске асырумен, халықаралық аккредиттеу жүргізу географиясын одан әрі кеңейтумен, IAAR-дың білім беру сапасын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі түрлі халықаралық жобаларға қатысуымен байланысты.

Есепті жылы Агенттік қызметін талдау 2025 жылы трансшекаралық аккредиттеуді кеңейту мен өз қызметінің тиімділігін арттырудың ашылған мүмкіндіктерін көрсетеді, оның ішінде:

- жаңа елдерді қамти отырып, сапаны қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 2024 жылы Сомали, Белиз және Барбадос үшін WFME танылу мәртебесін алу;
- Барбадос Білім беру, технологиялық және кәсіптік даярлық министрлігімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою;
- Mongolian National Council for Education Accreditation (MNCEA) және Гонконгтың академиялық және кәсіби біліктіліктерді аккредиттеу жөніндегі кеңесімен (HKCAAVQ) бірлескен аккредиттеу мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу.